

М. ХАЛИКОВА, Ш. ЕРГАШЕВА

ӘДЕП

4

Жалпы орта білім беретін мектептердің
4-сыныбына арналған оқулық

*Өңделген және қайта толықтырылған
төртінші басылымы*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

ТАШКЕНТ
«YANGIYO‘L POLIGRAF SERVIS»
2017

UO'K: 17=512.122(075.2)

KBK: 74.200.51

X 71

Халикова, Мохира.

Әдеп 4: Жалпы орта білім беретін мектептердің 4-сыныбына арналған оқулық / М. Халикова, Ш.Ергашева. - Өңделген және қайта толықтырылған төртінші басылымы. - Ташкент: «Yangiyo'l poligraf servis», 2017. - 96 б.

UO'K: 17=512.122(075.2)

ISBN 978-9943-4935-4-4

KBK: 74.200.51ya72

Пікір жазғандар – С. Алимов, филология ғылымдарының кандидаты;
Ш. Ризаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Ш.Эгамбердиева, Касон ауданы 95-мамандандырылған мектеп директоры;
М. Рахимова, бастауыш сынып мұғалімі.

Шартты белгілер:



«Yuksak ma'naviyat
– yengilmas kuch»
шығармасынан алынған
пікірлер



Нақыл сөздер мен
хадистер



Өзбекстан Республика-
сы конституциясының
баптары



Сұрақтар мен тап-
сырмалар



Мәтіндегі түсініксіз сөз-
дердің түсіндірме сөздігі



Ақылды ширайтын
көңілді тапсырмалар



Өздігінше оқуға арналған
қосымша тапсырмалар

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен
баспадан шығарылды.**

ISBN 978-9943-4935-4-4

© «Yangiyo'l poligraf servis», 2011-2017.

© М. Халикова, Ш. Ергашева, 2011-2017.

АЛҒЫ СӨЗ



Әдепті, білімді және ақылды, еңбексүйгіш, иманды перзент тек қана ата-ананың ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғамның ең үлкен байлығы болып саналады.

Қадірменді оқушы! Қолыңыздағы бұл кітап сіздің 1-2-3-сыныптарда «Әдеп» пәнінен алған білімдеріңізді толықтырады. Бұл кітаппен достаса білсеңіз, тек қана әдеп ережелерін емес, сонымен бірге өмірде өзіңіз үшін қажетті болған көптеген мәліметтерге ие боласыз.

Сіз жайлап ұлғайып, үлкен өмірге адым тастаудасыз. Міне осындай өмірмен танысуыңызға, оның тәртіп-ережелерін меңгеруіңізге «Әдеп» деп аталатын осы оқулық көмек береді.

Адам өз әдебімен сұлу көрінеді. Сол себепті де ата-бабаларымыз жастайынан әдеп ережелерін біліп алуға үндеген. Мысалы, Әлішер Науаидың мол шығармашылық мұрасында әдеппен байланысты ғибратты сөздер де молынан кездеседі.

Өркім жасаса жақсылық,
Жақсылықтан жақсылыққа жетері анық.

Қадірменді оқушы! Сізге ұсынып отырған осы оқулықта жоғарыда айтылғандай асыл пікірлер өте көп. Сіз оларды ықыласпен оқып, келешекте одан өмірде пайдалануыңызға сенім білдіреміз.

ЎЗБЕКСТАН — КЕЛЕШЕГИ ҰЛЫ МЕМЕЛЕКЕТ



1. Елімізде жақсы абыройға ие болған адамдардан кімдерді білесіңдер?
2. Спорт, өнер және ғылымның түрлі салаларында ұлы жетістіктерге жеткен жерлестеріміз туралы айтып беріңдер.

Ана отанымыз Өзбекстан көне тарихқа ие. Бұл жұрттан дүниені таңдандырған көптеген ғұламалар шыққан.

Ата-бабаларымыз жұрттың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы күресіп келген. 1991-жыл Өзбекстан өз тәуелсіздігіне ие болды.

Тәуелсіздік жылдары елімізде барлық салалар бойынша теңдесі жоқ жетістіктер қолға ендірілді.

Жастардың білім алуы, өздерінің қабілеттіліктерін көрсету үшін көптеген жағдайлар жаратылды. Біздер үшін жарық оқу мекемелері мен спорт кешендері құрылды.

Бүгінде Өзбекстан жедел дамып жатқан мемлекеттердің біріне айналған. Жастарымыз спорт жарыстарында отанымыздың туын жоғары көтеріп келеді. Сол сияқты, музыкалық таңдаулар мен пән олимпиадаларында өте жақсы нәтижелерге ие болды.

Мемлекетімізде істеп шығарылып жатқан шикізаттарға бүтін дүниенің ұсыныстары артып келеді. Себебі олар табиғилығы және сапасымен ерекшеленіп тұрады.

Жұрттың келешегі жастардың қолында. Сол үшін де жақсы білім алып, белгілі бір кәсіпті меңгеріп, Өзбекстанның дамуына өз үлестерімізді қосуымыз керек.



1. Тарихта ұлы әскербасы және мемлекет қайраткері болған әйгілі ата-бабаларымыз кім еді?

- А. Әлішер Науаи
- Б. Әмір Темір
- В. Ибн Сина
- Г. Абу Райхан Беруни

2. Тек қана өз елімізде істеп шығарылған автомобильдер қатарын дұрыс белгіле.

- А. Лада, Матиз, Дамас
- Б. Тойота, Ласетти, Тико
- В. Ласетти, Каптивa, Малибу
- Г. Епика, Мерседес, Нексия

ОТАНЫМ МЕНІҢ

Бүркіт Ысқақов

Көп аузынан түспейтін
Отан деген немене?
Оның тұлға, түс-кейпін,
Досым, білгің келе ме?

Отан деген ұлы сөз,
Басталады кішіден.
Барлық жерде, әрбір кез
Кездесер ол кісімен.

Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың, бауырың.
Отан – өлкең, астанаң,
Отан – аудан, ауылың.



1. «Отаным менің» өлеңі қандай тақырыпта жазылған? Мазмұнын айтып беріңдер.
2. Тәуелсіздік жылдарында жас ұрпақ үшін жаратылған жағдайлар туралы өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.
3. Өзбекстан қандай шикізаттарды дайындайды?
4. Жұртымызда қандай автомобильдер істеп шығарылады?
5. Біз отанымыздың дамуына қандай үлес қоса аламыз?
6. Ата-анаңыз немесе аға-әпкелеріңмен тәуелсіздік жылдарында қол жеткен жетістіктер туралы сұқбаттасыңдар. Олардан біліп алған мәліметтеріңізді достарыңа айтып беріңдер.

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ – ЖҰРТ БАЙЛЫҒЫ



Қандай жағдайларда сен білім алуыңа, достарыңмен түрлі ойындар ойнауыңа болады? Мерекелерді атап өт. Оны тойлау үшін не қажет?

Отанды үлкен бір жанұяға ұқсатуға болады. Оның құрамындағы адамдар сол жанұяның мүшелері. Егер жанұя ынтымақпен, тату-тәтті өмір сүрсе, мұндай отбасы құт-берекелі болады. Мұндай жанұяларға баршамыз қызыға қараймыз. Демек, мемлекеттің өркендеуі үшін де адамдар бір-бірімен ынтымақта жасауы керек.

Еліміздегі бейбітшілік пен тыныштықтың арқасында білім меңгеріп, күнделікті міндеттерімізді орындап, жанұямыз құшағында бейбіт өмір сүріп келеміз. Өкінішке орай, осындай бейбіт тұрмысымызды көре алмай жатқан, кейбір жауыздар да кездеседі. Олар түрлі жолдармен тыныштығымызды бұзуға тырысады. Біз жастар жақсы оқып, ата-анамыз бен ұстаздарымыздың сөздеріне құлақ салсақ, оларға қарсы күрескен боламыз. Әрқашан да сақ болып, бөтен күдікті адамдардың алдамшы сөздеріне ермеуіміз керек.



Мемлекетіміздің Бірінші Президенті айтқанындай, «Егер біз тату болсақ, ел-жұрттың мүддесі үшін бір жағадан бас шығарып өмір сүрсек, өз арамыздан сатқын шықпаса, өзбек елін ешкім, ешқашан жеңе алмайды».



1. Бүгінгі күнде әлемде болып жатқан қандай уақиғаларды білесіңдер?
2. Тынышсыздықта өмір сүріп жатқан мемлекеттердегі балалардың жағдайлары туралы пікірлесіңдер.
3. Тыныштықты сақтау үшін нелерге көңіл бөлуіміз керек?

ҰЛЫ ОТАНСҮЙГІШ

Ұлы ғұлама бабамыз Нажмиддин Кубро данышпан әрі батыл адам болған. Шынайы отансүйгіштік, ерлік дегенде осы бабаларымыздай адамдар көз алдымызға келеді.

Өткен заманда Шыңғысхан бастаған моңғол-татарлары елімізді жаулап алған еді. Басқыншылар ауылдарды, қалаларды талан-тараж етіп, талқандады.

Нажмиддин Куброның ілім үйренемін деп түрлі мемлекеттерден келген төрт жүзден астам шәкірттері бар еді. Ол шәкірттерін бір жерге жинап, былай деді:

– Елімізге келген бұл пәлекет барлық жақты бүлдіреді. Әрқайсың өз елдеріңе қайтыңдар.

– Ұлы шайх, ат-көліктеріміз дайын, уақытты өткізбей, сіз де тыныш жерлерге кетіңіз, - деп өтінеді шәкірттері.

– Мен бұл соғыста құрбан болуым анық, бірақ өз Отанымды тастап кете алмаймын. Ал сіздерге ақ жол, – дейді шайх.

Нажмиддин Кубро халқын жинап, Отанды қорғауға шақырды. Екі арада кескілескен шайқас басталды.

Нажмиддин Кубро бірнеше дұшпанды ұрып құлатты. Абайсызда оның кеудесін бір оқ тесіп өтті. Шайх күш-қуатынан айрылып, хәлден тая бастағанын сезсе де, тамшы қаны қалғанша соғыс алаңын тастап кетпеді. Дұшпан туын мықтап ұстаған бойы жан тапсырды.

Нажмиддин Куброның асқан ерлігі, тіпті, Шыңғысханды да таң қалдырған деген аңыздар да бар.



Тыныштық туралы мақалдардың мазмұнына сәйкес келетінін таңдап алып, оны жалғастырындар және оны дәптерлеріңе жазып қойындар.

1) Отан үшін отқа түс –

а) Жаңбырменен жер көгерер.

2) Тыныштықпен ел көгерер

б) ел білер.

3) Ұрыс ырысты қашыар,

с) Ынтымақ халықты асырар.

4) Ер қадірін –

д) күймейсің.



1. Ата-аналарыңмен отансүйгіштік тақырыбында әңгімелесіндер. Өздеріңе ұнаған өнегелі әңгімелер мен аңыздарды дәптерлеріңе көшіріп жазындар.

2. «Ұлы отансүйгіш» әңгімесінен алған әсерлеріңді достарыңмен бөлісіндер. Нажмиддин Кубро не себепті шәкірттерімен кетпеді?

3. Бейбітшілік тақырыбындағы өлеңдерді жаттағансың ба? Бірін айтып беріндер.

ЎЗБЕКСТАН – КӨП ҰЛТТЫ МЕМЛЕКЕТ



1. Ўзбекистонда қандай ўлт өкілдері жасайды?
2. Ўзге ўлт өкілдерінен достарың бар ма? Олар туралы айтып бер.

Ўзбекистон – көп ўлтты мемлекет. Бүгінгі таңда елімізде 130-дан астам ўлт пен ўлыстар тату-тәтті өмір сүріп келе жатыр. Әрбір ўлт өзінің ежелгі дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және тарихымен басқа ўлттардан ерекшеленіп тұрады. Ўзбек халқы қонақжай, еңбексүйгіш және балажандылығымен дүниеге танылған.

Соғыс дәуірінде Өзбекстанға эвакуацияланған түрлі ұлт өкілдеріне қатысты мыңдаған адамдарды өзбек халқы өте ауыр жағдайларына қарамай орыс, украин, белорус басқа ұлт өкілдерінің жас балаларын өз бауырына алды. Халқымыз бір түйір нанды да тең бөліп жеген. Бұл - өзбек халқына тән кеңпейілділіктің бір көрінісі.

Елімізде өмір сүретін ұлттардың мәдениеті мен тілінің, діні мен әдет-ғұрыптарының өркендеуіне барлық жағдайлар жасалған. Бүгінгі таңда Өзбекстанда 150-ге жуық ұлттық мәдени орталықтар қызмет етуде.

Түрлі ұлт өкілдері бірігіп еңбек етсе, тату-тәтті өмір сүрсе, жұртымыз бұрынғыдан да көркейіп, өркендейді.

Конституциямызда Өзбекстан Республикасы өз мекен-жайында жасайтын барлық ұлт пен ұлыстардың тілі, әдет-ғұрпы және дәстүрлерінің құрмет етілуін қамтамасыз етеді. Олардың өркендеуі үшін жағдай жасалуы да белгіленген.

Киелі кітаптарымызда да адам құрметтеліп, қадірленеді. Сондықтан да адамдарды қай ұлттан болса да әрқашан құрмет етіп, өз көмегімізді аямауымыз керек.



Ұлт – тілі, мәдениеті, тарихы, өнері, дәстүрлері, өмір сүретін аймақтары ортақ болған адамдар тобы.

Эвакуация – қауіпсіз жерлерге көшіру.



Торкөздегі әріптерді дәптерлеріңе дұрыс орналастырып, ұлт аттарын дұрыс жазыңдар.

Қ	Қ	А	А	З
К	З	Ө	Е	Б
А	Т	Р	Т	А
Ж	Т	К	Ә	І

ТІЛ БІЛГЕН – ЕЛ БІЛЕДІ

Бақдәулеттің әпкесі Арайлым колледжде оқиды. Ол өте әдепті әрі ақылды қыз, Зулфия атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері. Арайлым ағылшын және орыс тілдерін өз ана тіліндей біледі.

Арайлым интернет арқылы Өзбекстанның түрлі аймақтары мен шет мемлекеттеріндегі достарымен хат жазысып, пікірлесіп тұрады. Олар туралы ата-аналарына, інілеріне әуестене сөйлеп береді.

– Әпке, мен де сізге ұқсап достарымның көп болуын қалаймын. Сол үшін мен не істеуім керек болады? – деп сұрады бір күні Бақдәулет әпкесінің әңгімесіне әуестене тыңдап.

– Бұл үшін сен тіл білуің, адамдарды шын көңілден жақсы көруің керек.

– Ондай болса, маған тіл үйренуіме жәрдем бересіз бе?

– Әрине, тіл білген – ел біледі, дейді ғой. Бұл үшін өзінде қызығу, ынтығу болуы шарт. Сонда ғана тіл үйренесің, басқа халықтар туралы да мәліметке ие боласың. Міне маған басқа тілде сөйлейтін достарым өздері туралы, елі, әдет-ғұрыптары туралы қызықты мәліметтерді жазып тұрады. Кеше ғана досым Элиза өз отаны – Ұлы Британия, ағылшындардың мақтанышы болған Биг Бен, Темза дариясы мен Британия мұражайы жайлы қызықты мәліметтер жазып жіберіпті. Оның айтуынша, мұражайда біздің тарихымызға тиісті көптеген экспонаттар, қолжазбалар бар екен. Мен де оған Өзбекстан жайлы, яғни тұрмыс-салтымыз, әдет-ғұрыптарымыз жөнінде жазамын.

– Алақай, қандай жақсы, мен де тез арада тіл үйреніп, достарымның көбеюін қалаймын, – деді көзі жайнаған Бақдәулет.



Биг Бен – Ұлы Британияның астанасы Лондондағы тарихи сәулетті ескерткіштердің бірі.

Темза – Лондон қаласынан ағып өтетін дария.



1. Неліктен Бақдәулет әпкесі Арайлымға қызықты?
2. Досы көп болуы үшін нелерге көңіл бөлу керек?
3. Егер шетелде досың болса, оған не туралы жазып жіберер едің?

БАБАЛАРЫМЫЗ АРДАҚТАҒАН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР



Жоғарыдағы суреттерде қандай ұлттық дәстүрлеріміз бейнеленген? Халқымыздың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?

«Салт – дәстүр» өте кең мағыналы түсінік болып, адам және адамзат үшін қадірлі нәрселерді аңғартады. Дәстүр мың жылдар бойында адамдар арасында ардақталып, ата-бабаларымыздан ұрпақтарға өтіп, өңделе түскен материалдық және рухани байлықтарымыз, үрдістер және әдет-ғұрыптарымыз, қасиеттеріміз болып табылады. Біздің ата-бабаларымыз ата-анаға деген құрмет, отансүйгіштік, тыныштық, азаттық, ағарту, мейір-шапағат, жомарттық, қонақжайлылық сияқты дәстүрлерді өте қадірлеген.

Бізде әлемнің басқа халықтарына ұқсамайтын әдет-ғұрыптар, мерекелер, той-жиындар мен салт-дәстүрлер

бар. Ата-бабаларымыз ежелден атап өтіп жатқан Наурыз мерекесі де солардың бір айғағы болып саналады.

Наурыз – табиғаттың оянуы, ізгілік, жаңару және жасару мерекесі. Ертеде Наурыз мерекесі күні адамдар халыққа ең жақсы әдеттерін көрсеткен, әдемі киімдерін киген, дәмді тағамдар әзірлеген. Қазір де бұл мерекені өте кең түрде атап өтеміз. Наурыз күні үлкен тайқазандарда сүмелек, хәлімдер әзірленеді, ойын-күлкілер қыза түседі. Сонымен бірге, науқастардан, жәрдемге мұқтаж адамдардың хәл-жағдайларынан хабар алынады.

Асар – ата-бабаларымыздан кейінгі әулетке өтіп келе жатқан әдемі бір үрдіс. Адамдар асар жолымен биік-биік ғимараттар, көпірлер, медреселер, мешіттер құрған. Бұл дәстүр қазірде өз жалғасын тауып отыр.

Үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсету де дәстүр саналады. Туыс-бауырларды жоқтау, науқастардан хабар алу да сауап жұмыстардың бірі.

Ұлттық дәстүрлеріміз арасында адамды тұлғалық және рухани жақтан шынықтыруға, халық арасында бірлікті, ынтымақты күшейтуге қызмет ететін көкпар, күрес сияқты көне ұлттық ойындар да бар. Бұл ойындарда жеңімпаз атану үшін әділдік, мәрттік, ерлік және епшілдік талап етіледі.

Дәстүрлер – халық байлығы. Оларды ардақтап кейінгі ұрпақтарға жеткізу әрқайсысымыздың міндетіміз болып саналады.



Асар – арап тілінен алынған сөз, «көпшілік», «қоғам», «топ», «дода» деген мағыналарды білдіреді. Көпшілік болып бір жұмысты орындау, ізгілік пен мейір-шапағатқа толы дәстүр – асар деп аталады.



Көкпар (ұлақ) – Орта Азия халықтарының көне ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын, негізінен, өнім жинау науқанының аяқталу мерекесінде, той мен сер-уендерге байланысты өткізілген.

АСАР – ЕЛГЕ ЖАРАСАР

(Өлішердің хикаясы)

Біздің ауыл тұрғындары өте тату-тәтті өмір сүреді. Ауылдағылар жалғыз, науқас адамдардан хабар алуды, қиналғандарға жәрдем беруді өз борыштары деп біледі. Егер де біреу үй тұрғызбақшы болса немесе той жасамақшы болса, барлығы кеңесіп, қолдарынан келгенінше көмек көрсетеді.

Маған, әсіресе, әр жылы Тәуелсіздік және Наурыз мерекелерінде өткізілетін асарлар ұнайды. Бұл күні ерте оянып, әкеммен ауылға шығамыз. Ауыл тұрғындарымен бір жанұя мүшелеріндей бірлесіп, жұмылып еңбек етеміз: көшелер мен арық іштерін тазалаймыз, түрлі көшеттер отырғызамыз, ағаштарды бұтап, оларды әктейміз. Соңыра ауыл тұрғындары дастарқан басына жиналып, баршасы алып келген тағамдарын ортаға қойып, көпшілікпен бөліседі.

Асар – өте көңілді шаралардың бірі. Оған әркім өз үлестерін қосқысы келеді. Асар біткен соң, көше мен үйлердің тазалықтарына әуестеніп, көңілің таудай көтеріледі.



1. Салт-дәстүр дегенде нені түсінесің? Ата-бабаларымыздың ардақтаған дәстүрлері жайлы айтып бер.



2. Ұлттық ойындарымыздың қайсысы адамды мәрттікке, адалдыққа, ерлік пен епшілдікке тәрбиелеуге қызмет етеді?
3. Асар деген не? Сен де асарға қатысқансың ба?
4. Атаң мен әжең немесе әке-шешелеріңмен дәстүрлер туралы сұқбат құрыңдар. Саған қай әдет-ғұрып немесе салт-дәстүр әсер етті? Неліктен?

ӨЗБЕКСТАН – МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАЛАРҒА БАЙ ӨЛКЕ



1. Жоғарыдағы суреттерде мәдени-рухани мұраларымыздың қандай үлгілері бейнеленген?
2. Сен тұратын аймақта да көне ескерткіштер бар ма? Олар туралы әңгімелеп бер.

Біз ата-бабаларымыз қалдырған мәдени және рухани жәдігерліктерімізбен қанша мақтансақ та жарасады. Олар жаратқан туындылар мен жаңалықтар біз үшін мәдени мұра болып саналады.

Адамзат тарихында ең ұлы емдеуші ретінде танылған асыл бабамыз – Әбу Әли Ибн Сина. Бүкіл дүниедегі дәрігерлік саласының мамандары қазіргі күнге дейін ол жаратқан көп томды «Тиб қонунлари» кітабына сүйенеді.

Отандасымыз Имам ал-Бұхаридің аты бүкіл ислам әлемінде құрметпен тілге алынады. Ол ең сенімді хадистерді жинап, «Ал-Жоме ас-сахих» кітабын құрастырған. Бұл кітап ислам дінінде «Құраннан» кейінгі маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Ал Әбу Райхан Беруни кітаптарынан көне дәуірлер мен сол дәуір адамдары жайлы құнды мәліметтерді оқимыз.

Еуропада әл-Фраганус атымен әйгілі болған Ахмад әл-Ферғани ашқан жаңалықтар дүниеге танылған. Ол Мысырдағы Ніл өзені деңгейін өлшейтін аспапты ойлап тапты. Бұл аспап арқылы ол мыңдаған адамдарды су тасқынынан сақтап қалды.

Мырза Ұлықбек Самарқанда обсерватория салғызды. Сол арқылы жұлдыздар ғылымын зерттеді. Оның «Зижі Курагани» шығармасында 1018 жұлдыздың ғарыштағы орны анық көрсетілген.

Ұлы бабаларымыздың аты мәңгі өшпейді. Белгияда Ибн Синаға, Литвада Мырза Ұлықбекке, Мәскеу, Токио мен Бакуде Әлішер Науаиға, ал Мысыр астанасы Каирде Ахмад әл-Ферғани құрметіне ескерткіштер орнатылған.

Еліміз тарихи мұраларға да бай. Дүние жүзі халқы Самарқан, Бұхара және Хиуа қалаларын

көрүдi армандайды. Түрлi дәуірлерде құрылған сәулеттi ескерткіштер тарихымыздың қаншалықты ұлы екендігінен дерек береді. Сондықтан да бабамыз Әмір Темір өзі құрғызған Ақсарай ұстынына (порталына) «Құдіретімізге шүбәңіз болса, біз құрғызған ғимараттарға қараңыз», – деп жаздырған еді.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 49-статьясында әрбір азамат халықтың тарихи, рухани және мәдени мұрасын көз қарашығындай сақтауы айтылған. Мұндай ескерткіштер жалпыхалықтық байлық саналып, оларды әдейі бұзып-жою қылмыс есептеледі.



Төмендегі тапсырманы дәптерде орындаңдар.

1. Медицина ілімінің сұлтаны – _____.
2. _____ хадистерді тауып насихаттаған.
3. Ахмад әл-Ферғани Еуропада _____ атымен әйгілі.
4. Мырза Ұлықбек _____ та _____ салдырған.



1. Ұлы бабаларымыздан кімдерді білесіңдер? Олардан қандай үлгілер алса болады?
2. Дүние жүзінің қай қалаларында бабаларымыздың ескерткіштері орнатылған?



3. Рухани және мәдени мұраларымызды көз қарашығындай сақтау керек дегенде нені түсінесің?
4. Ұлы бабаларымыздан бірінің өмірбаяны мен шығармашылықтары туралы мәліметтер жинап, оны дәптерлеріңе жазыңдар.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ



Әлішер Науаи



Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі – өзбек тілі. Өзбекстан Республикасы өз аймағында жасайтын ұлттар мен ұлыстардың тілдері, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерінің құрмет етілуін қамтамасыз етеді, олардың дамуына жағдай жасайды.

4-статья.

Мемлекеттік тіл дегенде сол мемлекет аумағында негізгі сөйлесу құралы болған тіл түсініледі. Барлық мемлекеттік ресми құжаттары мемлекеттік тілде жазылады, жиындар мен конференциялар да сол тілде амалға асырылады.

Әрбір мемлекет өз мемлекет тілінің тазалығын сақтап, байып отыруын қамтамасыз етеді. Мемлекет тілін үйрену және оны оқыту үшін өкімет қажетті жағдайлар жасап береді.

Өзбек тілі өте бай және оның тарихы арыда жатыр. Тіліміздің дамуында Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағуни, Ахмад Югнаки, Әлішер Науаи, Захириддин Мухаммад Бабыр сияқты ата-бабаларымыздың қызметтері шексіз. Әсіресе, Әлішер Науаидың «Хамса» деп аталатын туындысы өзбек әдеби тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Өзбекстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» Заңы 1989-жылы 21-қазанда қабылданған. Сондықтан да әр жылы 21-қазанды тіл мерекесі ретінде атап өтеміз.

Тәуелсіздік жылдарында ана тіліміз жан-жақты байып, дами түсті. Кейбір қала, аудан, ауылдардың көне аттары қайта тіктелді. Көшелер, ұйымдар мен мекемелердің аттары да өзбекше жүргізіле бастады.

2016-жылы елімізде Әлішер Науаи атындағы Өзбек тілі мен әдебиеті университеті құрылды. Бұл жерде ана тілімізді зерттейтін ғалымдарымыз, заманауи білімге ие мамандар дайындалады.

Адамның ана тіліне құрметі – осы тілде дұрыс әрі анық сөйлеуі, көркем және сауатты жазуында көрінеді. Адам ана тілін қанша жақсы білсе, оның байлықтарынан сонша ләззаттанады.



Барша ізгі қасиеттер адам жүрегіне, ең алдымен, ана әлдиімен, ана тілінің әсемдігі және құдіретімен сіңеді. Ана тілі – ұлттың рухы.

Ана тілін терең білген адам Отанының тарихын жақсы біледі. Тілге мән беру, тіл тазалығын сақтау, әдепті болу бұл адам көркі болып саналады.

Сонымен бірге, шет тілдерді де білу бүгінгі жастар үшін өте қажет. Көне кітап – «Авестода» ізгіліктің рәмзі болып саналатын Ахура Мазда тілінен былай делінген:

«Мен өз Отанын қорғай алатын және көп тілдерді меңгерген перзенттерімді мадақтаймын».

Ата-бабаларымыз «Тіл білген – ел біледі», деп текке айтпаған және көп тілді білген адамдарды қадірлеген.

ТІЛ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.

Халық мақалы

Жақсы сөз – жан азығы,

Жаман сөз – бас қазығы.

Халық мақалы



1. Қайсы ойшылды өзбек әдеби тілінің негізін салушы ретінде білеміз?

- A) Захириддин Мұхаммад Бабыр;
- B) Әлішер Науаи; C) Махмұт Қашқари;
- D) Жүсіп Баласағуни.

2. Өзбекстан Республикасының «Мемлекеттік тілі туралы» Заңы қашан қабылданған?

- A) 1989-жылы 21-қазанда;
- B) 1991-жылы 1-қыркүйекте;
- C) 1992-жылы 8-желтоқсанда;
- D) 1992-жылы 2-наурызда.



1. Мемлекет тіл дегенде нені түсінесің?
2. Ислам Каримовтың «Жоғары руханият – жеңілмес күш» кітабында ана тілі туралы айтылған пікірлерді ұғып алыңдар.
3. Тәуелсіздік жылдарында ана тіліміздің дамуы үшін қандай ізгі істер амалға асырылды?
4. Төңірегіндегі адамдардан кімнің сөйлеу әдебі саған ұнады? Өзің тіл әдебін сақтаймын деп ойлайсың ба?
5. Тіл туралы айтылған нақыл сөздердің мәніне назар аудар және оны жаттап ал.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЙТА ТІКТЕЛГЕН ТАРИХИ МҰРАЛАР МЕН ЖӘДІГЕРЛІКТЕР



1. Жоғарыдағы сурттерде «Әзірет Имам» және «Шохи Зинда» тарихи құрылымдары бейнеленген.
2. Сен тарихи құрылымдар мен жәдігерліктерді зиярат еткенсің бе?
3. Сондай жерлерге барғаныңда өзіңді қалай сезінесің?

Тәуелсіздік жылдарында Отан-ана тарихын зерттеуге айрықша көңіл бөлінді, себебі Бірінші Президентіміз Ислам Каримов айтқанындай, «Өз тарихын білмейтін, кешегі күнін ұмытқан ұлттың келешегі жоқ». Егемендіктің арқасында ата-бабаларымыздың мұра боп қалған тарихи құрылымдары мен ескерткіштері қайта тіктеліп, қалпына келтірілді. Ұлы бабаларымыздың мерейтойлары өткізіліп, кесенесі көркейтірілді.

Ұлы бабамыз Бахауиддин Нақшбанди адамдарды ізгілікке, адал еңбек етуге және де әдепті болуға үндеген. 1993-жылы елімізде ғұламаның 675 жылдығы өткізілді. Қазіргі күнде бұл ғұламаның ұлттық сипатта қалпына келтірілген кесенесі зияратшылармен лық толы.

1998-жылы Самарқанда Имам әл-Бұхаридың 1225 жылдығы тойланды. Хартан аулында Имам әл-Бұхари жәдігерлігінің кешені ашылды. Сол жылы дүние жүзі ғылымына үлес қосқан бабамыз Ахмад әл-Ферғанидің 1200 жылдығы атап өтілді. Ферғанада Ахмад әл-Ферғани атында саябақ ашылып, Қува қаласында оның ескерткіші орнатылды.

Сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында ержүрек қолбасшы Жалалиддин Магубердінің 800 жылдығы, «Алпамыс» дастанының 1000 жылдығы атап өтілді. Хорезмде Жалалиддин Мангубердіге, ал Термізде Алпамысқа арнап ескерткіштер орнатылды. Марғұланда Имам Бұрханиддин Марғинони 910 жылдығы атап өтілді, ғалымның рәміздік кесенесі құрылды.

Үргеніште 2001-жылы «Авесто» кітабының 2700 жылдығына арнап түрлі салтанатты шаралар өткізілді. Мерейтойына байланысты «Авесто» атындағы жәдігерлік кешені құрылды.

Қайта қалпына келтірілген жәдігерліктер мен тарихи құрылымдар ата-бабаларымыз рухына деген құрмет рәмізі саналады. Ұлттық руханиятымыздың дамуына баға жетпес үлес қосқан бабаларымыз біздің мақтанышымыз.

Мұны жадында сақта!

«Авесто» – Орта Азия мен шығыс халықтарының ең көне жазба ескерткіштері, зардуштилердің киелі кітабы.

«Алпамыс» – түркі халықтарының ең ірі әрі көне дастаны. Онда ержүректік, қаһармандық, адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттер мадақталған.



Мерейтой – ұлы тұлғалардың туған күндерін немесе құтты даталар кең деңгейде атап өтілуі.

Кесене – арапша, «қабір» мағынасын білдіреді. Ғимарат көрінісіндегі құрылым. Ертеде атақты тұлғалардың қабірлері үстіне мұндай құрылымдар орнатылған.



АСТАНАҒА САЯХАТ

Жаңа оқу жылы басталуынан алдын Ерханның әкесі «Егер де жыл бойы үлгілі оқысаңдар және әдепті бала болсаңдар, жазда мен сендерді саяхатқа алып барамын», – деп уәде берді.

Бұл сөзді естіген Ерхан және оның қарындасы Әселхан жақсы оқуға кірісті. Әкесі уәде еткеніндей, жазғы демалыста олар астанамыз – Ташкентке жанұясымен бірге саяхатқа аттанды. Бастапқыда олар Тәуелсіздік алаңын тамашалады. Ерханға сол

алаңдағы ізгілік қақпасы өте ұнады. Олар Тәуелсіздік және ізгілік монументі түбіне гүл қойды.

Соңыра, олар «Шәхидтер ескерткіші» жәдігерліктер кешенін зиярат етіп, қатаған дәуірінде құрбан болған бабаларымыз туралы көптеген мәліметтерге ие болды.

Ерхан мен Әсел Хазраты Имам кешенін қызыға әрі әуестене тамашалады. Көкпен тайталасқан мұнаралар оларда тәкаппарлық пен мақтаныш сезімдерін оятты.

Кеште олар Әлішер Науаи атындағы Ұлттық саябақта серуендеді. Қонақүйге қайтқанда, Ерхан әкесінен сұрады:

– Әке, Ташкентті айналып болдық па? Әкесі оған жауап қайырды:

– Жоқ, балам, астанамызда көңіл бөлерлік жайлар, тарихи жәдігерліктердің көптігі соншалық, оларды тамашалап шығу үшін бір аптаның өзі аз. Ертең сендерді Әмір Темір алаңындағы Темурилер тарихы мен Өзбекстан тарихы мемлекеттік мұражайларына, содан соң айуанат бағына алып барамын. Кешке цирк тамашасын көреміз, келістік қой?

– Өте тамаша болады, – деді Ерхан мен Әсел бірдей жауап берді.

– Естеріңнен шықпасын, әлі театрға да баруымыз керек, – деді анасы.

Ерханның жанұясы Ташкентті бір апта бойында рақаттанып тамашалады. Олар саяхаттан қайтарда, Әсел:

– Маған саяхат өте ұнады, достарыма бұл туралы әңгімелеп беремін. Әке, келесі жылы қай қалаға барамыз? – деп сұрады.

– Бұйырса, келесі жылы жүрдек «Афросиёб» пойызымен Самарқан мен Бұхараға барамыз. Адамдар бұл көне қалаларды тамашалау үшін шетелдерден келеді ғой, ал біз неліктен бармаймыз? – деп жауап берді әкесі.

– Рақмет, әкешім. Біз де әдепті әрі ақылды бала болуға уәде береміз, – деді Ерхан мен Әсел.



1. Отанымыз тарихы мен бабаларымыздың мұрасын не үшін үйренеміз?
2. Тәуелсіздік жылдарындағы қалпына келтірілген қандай құрылымдарды білесіңдер?
3. Зияратқа бару әдебі туралы үлкендермен сұхбаттасыңдар.
4. Өзің тұратын аймақтағы зиярат орындары туралы нелерді білесіңдер?
5. «Астанаға саяхат» әңгімесін оқыңдар. Ерхандардың жанұясы астанамыздың қай жерлерінде болды?

ҚАЙТАЛАУ

Қадірлі оқушы! Сен өткен сабақтарымызда туған өлкеміз Өзбекстан көп ұлтты мемлекет екендігін, онда барлық ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқандығы туралы көптеген мәліметтерге ие болдың. Сонымен бірге, тыныштық – ең асыл игілік екендігін де аңғардыңдар.

Еліміз көне тарихқа ие. Бізге ата-бабаларымыздан бай рухани әрі мәдени мұралар қалған. Оларды көздің қарашығындай сақтау, байыту және келешек ұрпақтарға жеткізу – әрқайсымыздың борышымыз.

Өткен сабағымыздың маңыздылығы Ислам Каримовтың «Юксак маънавият – енгилмас куч» кітабынан алынған үзіндіде де өз бейнесін тапқан:

«Бәрімізге белгілі, адам өздігін таныған, түпкі нәсілін тереңірек білген сайын жүрек төрінде Отанға деген махаббат сезімі тамыр жайып, ұлғая түседі.

Бұл тамыр қанша терең болса, өзі туылып өскен жұртқа деген махаббат та соншалық жоғары болады.

Әрине, әлем – кең, дүниеде мемлекеттер көп, бірақ бұл әлемде туған ел бәрінен де өзгеше. Өзбекстанымыз біреу-ақ. Бұл ғажап ел, бұл қасиетті өлке тек бізге ғана арналғандай. Осы ұлы сезім әрқайсымыздың жүрек төрінен орын алуын, өміріміздің мазмұнына айналуын тілеймін.

Тарихқа үңілетін болсақ, тамырында ұлттық намыс пен Отанға деген сүйіспеншілік қаны ағып жатқан адам ғана ұлы істерді атқара алады».



1. Тыныштықты сақтау әрбір адамның борышы. Сен тыныштықты сақтау үшін нелер істеуім керек деп ойлайсың?
2. Халық ардақтаған дәстүрлер туралы айтып бер.
3. Тәуелсіздік жылдарында рухани және мәдени мұраларымызды қайта қалыптастыру бойынша қандай жұмыстар амалға асырылды?
4. Қандай адам ұлы істерді амалға асыруға құрбы жетеді?
5. Еліміздегі көне қалалар немесе тарихи жәдігерліктердің бірі туралы мәлімет жинап, одан мәтін құрастырыңдар.

ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ – МАҚТАНЫШЫМЫЗ



1. Суреттерде қандай қолданбалы өнер түрлері бейнеленген?
2. Егер сенде мүмкіндік жағдай туса, қандай заттарды жасауды үйренбекші едің?



Ежелден адамдар тіршілік үшін қажетті бұйымдарды, аң аулау үшін құрал-саймандарды жасауды меңгере бастаған.

Адамдар қашанда сұлулыққа талпынып жасаған. Алғашқыдағы адам өзінің жасаған аспабы әдемі болуы үшін нақыштармен безендіріп, оған гүлдер мен суреттер сызған, түрлі өрнектер салып, рең мен өң берген. Осылайша қарапайым бұйымдар мен заттар өнер туындысы деңгейіне көтерілген.

Археологиялық қазбалардан табылған үй бұйымдары, әшекейлер, қару-жарақтар мен түрлі жабдықтар елімізде қолөнершіліктің ерте кезде дамығандығын білдіреді.

Бір қызығы, әрбір мекен немесе аймақта қолөнердің белгілі бір түрі көбірек дамыған болады. Жасалған бұйым мен заттар сол аймаққа ғана тән болған әшекейлер мен нақыштар арқылы безендірілген. Мәселен, үстіне киген шапаны мен басына киген тақиясының нақыштарына қарай отырып, оның қайдан немесе қай жерден екенін бірден аңғаруға болады.

Бұрындары бір өнермен айналысқан адамдар бір ауылда жасаған. Сондықтан да қалалық жер-

лерде мыскерлік, тоқымашылық, тері илеушілік, пышақшылық, зергерлік, тақияшылық, тандыршылық сияқты ауылдар да пайда бола бастады.

Әмір Темір бабамыз алыс мемлекеттерден әр түрлі кәсіп иелері мен қолөнершілерді әкеліп, елімізде қолөнершілікті дамытуға үлес қосқан.

Марғұланның кемпірқосақ түсті шайы атластары, Бұхараның зерлі бұйымдары, Чуст елінің тақиясы мен пышағы, Риштанның саз балшықтан жасаған ыдыстары, Самарқан наубайшылығы, Хиуа ағаш оймакершілігі және кілемшіліктерімен дүниеге танымалы болды.

Өзбектің ұлттық киімдері өзінің әдемілігімен көзді қуантады. Атлас, адрас, беқасам сияқты маталар табиғи жіп пен жібектен тоқылғандығы үшін де адам денсаулығына зиян тигізбейді.

Дизайнерлеріміз жағынан өзіміздің ұлттық маталарымыздан дайындаған киімдер бүгінде дүниенің Милан, Париж, Токио сияқты модалар әлемінде өз қойылымдарына ие болып келеді.

Өзбекстанда қолөнершіліктің ең көне және кең таралған түрі – құмырашылық. Еліміз құмырашылары жасаған көзе, леген, кесе, пияла және басқа заттар өзінің сапалылығы мен нақыштары арқылы басқалардан ерекшеленіп тұрады. Мұндай бұйымдар сауда керуендері арқылы басқа мемлекеттерге де алып барылған.

Ата-бабаларымыз даңқы құрылыс саласы бойынша да елге тараған. Олар құрған ғимараттар мен құрылымдар дүние жүзі халықтарын осы күнге дейін таң қалдырып келеді. Темір оймакерлігі, нақышкерлік, ағаш ою өрнектері салаларында да өте үлкен табыстарға жеткен. Елімізде миниатюра мен құсни

жазу (көркем) да өзінің тарихына ие. Камалиддин Бехзод, Мирак Наққош сияқты өнер иелерінің аттары бүкіл әлемге әйгілі болған.

Бүгінде мемлекетіміз халық қолөнершілігі мен қолданбалы өнерді дамытуға айрықша мән беріп отыр. Астанамыздағы Мемлекеттік Қолданбалы өнер мұражайында қолданбалы өнердің 50 ден астам түрі көрсетілген.



Миниатюра – қолданбалы өнердің бір түрі. Өте нәзік жасалған шағын бейнелеу өнер туындысы.

Құсни жазу – көркем жазу өнері.

Археологиялық қазба байлықтар – тарихи жайлардағы амалға асырылған ізденістер.

НАУАИ ЖӘНЕ СУРЕТШІ

Әлішер Науаи өзінің киімін ауыстырып, бір жарлы жас суретшінің лашығына келіп, есік қағады. «Ләббай» дегенді естіген соң, рұқсат сұрап ішке беттейді. Үйдің ішінде патша, яғни Сұлтан Құсайын Байқараның суреттеріне қарағанда өзінің суреттері көп екенін көреді. Таң қалып, суретшіден сұрайды:

– Бұл кімнің суреттері?

Суретші әдеппен жауап қайырады:

– Қолөнершілердің атасы Әлішер Науаи хазіреттікі, мен қазір ол кісінің қасында тұрмын.

Науаи айтты:

– Неге осы уақытқа дейін менің қасыма бармадың?

Суретші жауап қайырады:


– Егер барғанымда маған түрлі сыйлықтар тартар

едіңіз. Онда мен өз туындыларымды тек сізге ғана сатқан болар едім. Оның үстіне, сіздің суреттеріңізді алушы көп. Мен сіздің жомарттығыңызды пайдаланбай өз бейнет-өнеріммен күн көруді жөн көрдім.

Бұл сөздерден соң Әлішер Науаи кедей суретшіні өз қамқорлығына алады. Бұл жігіт кейінірек Шығыстың ұлы суретшісі боп танылған Камалиддин Бехзад еді.



Қолданбалы өнер бұйымдарын кімдер жасағандығын тап және оларды дәптерлеріңе жазыңдар.



- 1) суретші;
- 2) зергер;
- 3) тоқушы;
- 4) шебер;
- 5) құмырашы;
- 6) нақышшы;
- 7) мүсінші.



1. Мемлекетімізде қолөнершіліктің қайсы түрлері дамыған?
2. Ұлттық киімдеріміздің қандай түрлерін білесіңдер? Оларды атап бер.
3. Жас суретші неліктен Науаидың қасына бармады?
4. Өз еңбегіңмен адал күн көру дегенде нені түсінесің?

ЕЛІМІЗДЕ АТАП ӨТІЛЕТІН ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕРЕКЕЛЕР. ЖАНҰЯЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР



1 қаңтар

Жаңа жыл мерекесі



8 наурыз

Әйел-қыздар мерекесі



21 наурыз

Наурыз – жалпыхалықтық
мереке



9 мамыр

Еске алу және қадірлеу
күні



1 қыркүйек

Тәуелсіздік мерекесі



1 қазан

Оқытушылар мен
тәрбиешілер күні



8 желтоқсан

Конституция күні



Ораза және Құрбан айты

Мейрамдар адам өмірінде маңызды орындарды иелейді. Бұл күндері адамдар бір-бірлеріне мейіршапағат көрсетеді, достықты нығайтады, ізгі мақсат пен жақсы ойлар төңірегінде бірлеседі.

Әр бір халықтың өздері сүйіп тойлайтын мерекелері мен салт-дәстүрлері бар. Халқымыз Жаңа жыл, Наурыз, Тәуелсіздік күні, Оқытушылар мен тәрбиешілер күні, Әйел-қыздар күні сияқты мейрамдарын, Өзбекстан Республикасы Конституциясы күнін салтанатпен әрі шаттық көңілмен атап өтеді. Мемлекетімізде бұдан басқа Ораза және Құрбан айты сияқты діни мейрамдар та тойланып жатады.

«Мейрам – халықтың шаттық пен қуанышты күні болып табылады», – деген еді ұлы бабаларымыздың бірі – Махмұт Қашғари.

Адамдар ертеде түрлі себептермен шаралар өткізген. Кейінірек олар мерекелерге айналып кеткен.

Мысалы, Наурыз мерекесі көктемде, күн мен түннің теңелу мерзімінде, табиғаттың дәл ояна-тын кезеңінде мерекеленген. Ертеде қыс мерзімінде адамдарға жылы баспана мен азық-түліктерді табу дерлік қиын жағдайда еді. Сондықтан көктем келіп, күннің жылуы олар үшін өте маңызды болған және бұл күнді мейрам есебінде тойлаған. Дәл сол мейрам күні соғыстар тоқтатылған, араздасқандар жарасқан, айыпкерлердің күнәлары кешірілген.

Халқымызда ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан тамаша жанұялық салт-дәстүрлер де бар. Көптеген отбасыларда маңызы бар күндерді атап өту салт-дәстүрге айналған. Ал кейбір жанұялар жұмыла отырып кітап оқиды, спортпен айналысады. Перзенттерінің ата-аналарымен бірге бау-бақшалар жартуы, әлде бір кәсіптермен шұғылдануы бізге

тән, бізге жарасты салт-дәстүрлер болып табылады. Жоғарыда сөз болған мұндай салт-дәстүрлер жанұяның баяндылығы мен татулығына өз септігін тигізері хақ.

БЕЙБІТ КҮН ҚАДІРІ

Қосжан Мүсірепов

Бейбіт күн, қадіріңді білемін мен,
Үйренген ізгілікті ұлы елімнен.
Мөлдіреп тұрса менің күміс көгім,
Мөлдір жыр төгіледі жүрегінен.

Нұрлысың бөбектердің күлкісімен,
Тарайды шын достықтың ғұрпы сенен.

Жырлайды ұлан-байтақ дала гүлмен,
Мадақтап әнші құстар таң алдымен.
Бейбіт күн көтеріміз көкке сені,
Ғажайып ғарыштың кемесімен.



1. Өзбекстанда қандай мейрамдар мерекеленеді?
2. Саған мейрамдардың қайсысы көбірек ұнайды? Неліктен?
3. Сенің отбасыңда қандай салт-дәстүрлер бар? Олар жайлы достарыңа айтып бер.
4. Мейрамдардың қайсысы ізгілік, мейір-шапағат пен қайырымдылықтың рәмзі болып саналады? Жауабыңды түсіндір.
5. Адамдар мейрамдарда өздерін қалай тұтуы керек?

МУЗЫКАНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ



Халықаралық музыка сайысының жеңімпаздары

Музыка мен әнге деген махаббат адам бойына ана әлдиімен сіңеді. Жас сәби ана әлдиімен демалып, тынышталады.

Музыка сазды әуені адам рухына ұнамды әсер етеді де, ұлы сезімдерді тәрбиеге үндейді, көтеріңкі көңіл-күйге бөлей бастайды. Музыка әуендері адамды тамаша қиялдарға жетелейді, ізгілікке бастайды. Әлішер Науаидың пікірінше: «Парасатты әншінің тамаша әндерді орындауы, тіпті, тасбауыр адамдарды да баурап алары хақ».

Өзбекстанда музыка өнері өте ертеде дамыған. Самарқан маңындағы Момынабад аулынан 3300 жыл бұрын сүйектен жасалған сыбызғы аспабының табылуы бұған дәлел бола алады. Өз дәуірінде Әмір Темір, Әлішер Науаи, Захириддин Мұхаммад Бабырлар музыка орындаушылары мен әншілерге қамқорлық жасап, өздерінің шығармаларында музыка туралы тамаша пікірлерін айтып өткен.

Музыка адамзатқа өз әсерін тигізіп, оны ұлы бір мақсаттарға жетелейді. Еліміздің Әнұраны шырқалғанда көңліміз шаттыққа бөленеді. Спортшыларымыз әлем алаңдарында жеңіске жеткенінде де Өзбекстан жалауы көкке көтеріліп, еліміз Әнұраны орындалады.

Өзбектің және әлемнің әйгілі музыка өнері иелері



Юнус Ражаби



Мухтар Ашрафи



Мутал Бурханов



Иоганн
Себастьян Бах



Вольфганг
Амадей Моцарт



Людвиг ван
Бетховен

Ертеде әскерлерді соғыс алдынан нағара, керней-сырнайлар тартып жігерлендірген. Музыканың даусы мен әуені олар жүрегінде Отанға деген махаббатын оятқан.

Адам өміріндегі ең қуанышты күні – тойлар да музыкалы әндермен өткізіледі. Бұл күні адамдар әндер орындайды, би билейді және барлық дерттерін ұмытады.

Жалпыхалықтық мейрамдарда орындалатын ән-күйлер бүкіл халықты бірлікке үндейді.

Той мен салтанатты кештер, мейрамдар мен көңіл көтерерлік шаралар ұлттық музыкалық аспаптар

негизінде орындалады. Дабыл, чаң, дутар, танбур, рубаб, ғижжак, сыбызғы, керней, сырнай сияқты ұлттық музыкалық аспаптардан таралған әуендер адамның ішкі дүниесіне дейін жетіп барады.

Пианино, орган, скрипка, аккардеон, виолончел, флейта, кларнет сияқты дүние жүзі халықтарының музыкалық аспаптарынан тараған тамаша күйлер де адам рухына тыныштық бағыштап, оның ішкі дүниесін әсемдікке жетелейді.

Елімізде музыка өнерін дамыту үшін түрлі байқаулар, музыкалық конференциялар өткізіліп келеді. Мысалы, «Нихол» байқауы, «Шарқ тароналари» халықаралық музыка фестивалі бұлардың дәлелі. Сонымен бірге, балалар музыка және өнер мектептері қайта құрылып, музыка аспаптары және жабдықтармен қамтамасыз етілуде.



Жұмбақтардың шешімін табыңдар:

Саусақ батпас түтіктен,
Сандуғаш құс сайрайды.
(Сырнай)

Қатар-қатар түйме,
Бассаң салар күйге.
(Гармонь)



1. Өзбекстан аймағында музыка мәдениеті қашан дами бастады?
2. Сазды музыка адамға қандай әсер етеді?
3. Дүние жүзі халықаралық музыка аспаптарынан қайсысын білесіңдер? Сол аспаптар негизінде орындалған музыкаларды тыңдағансың ба?
4. Ата-анаңның көмегімен өзбек ұлттық музыкаларының аттарын дәптерлеріңе жаз.

МЕМЛЕКЕТИМІЗ ӨҢІРІНДЕГІ ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Егер де адамның құлағы жеңіл-желпі, түсініксіз музыкаларға үйреніп қалса, бара-бара оның көркемдік талғамы, музыка мәдениетінің төмендеуі, рухани дүниесінің тайыздап кетуіне алып келеді.

Елімізде әншілік өнерінің тарихы ертеден басталады. Алғашқы адамдар еңбек ету барысында жұмыс түрлеріне сәйкес түрлі өлеңдер шығарған. Сол арқылы олар өздеріне рухани азық беріп, көңілдерін көтерген. Әндердің ең көнесі Махмұт Қашғаридың «Девону луғатит-турк» шығармасында келтірілген. Ертеде әндер «ыр» немесе «жыр» деп аталған.

Ата-бабаларымыз әлди, өлең, арнау, жар-жар, терме, айтыстарды сүйіп шырқап, ұйып тыңдаған. Ал суырып салма ақындарымыз (бақсылар) «Алпамыс», «Гөрұлы» сияқты дастандарды той-жиындарда қобыз немесе домбыра шертіп, жатқа орындап жүрген. Жырлардың кейбірі дутар, доира, танбур сияқты аспаптардың сүйемелдеуімен жырланған.

Жақсы ән мен музыка адам көңлін көтереді, шаршауынды қандырады, еске сақтау қабілетін арттырады. Сондықтан да Ибн Сина кейбір сырқаттарды музыка арқылы емдеген. Ал, Отан және отансүйгіштік тақырыбындағы әндер адамды толқытып, биік мақсаттарға үндеп, халыққа қызмет етуге шақырады.

Өзбекстанның әрбір аймағында әншілік өнері өзіне тән сипатта дамыған. Хорезм алқабында туған ән-

дер ойнақы және шабыттылығымен ерекшеленіп тұрады. «Лазги» шырқалғанда, билемеген адамның өзі қалмаса керек. Ал Ферғана аңғарындағы «Аман жар», «Танауар» сияқты ән және күйлер әдетке айналған. Төрелке арқылы орындалатын қиын әндерді шырқау үшін адамда күшті дауыс әрі айрықша қабілетті қажет етеді. Мемлекетіміздегі әншілік пен музыканың сан алуандылығы өзбек өнерінің бай екендігін байқатады. Шет мемлекеттердегі туыстарымыз өзбектің ұлттық күйлері мен әндері, сол сияқты билеріне құмарта қарайды.

Өзбек музыка және әншілік өнерін дамытуда Жүніс Ражаби, Тоқтасын Жалилов, Ғанижан Ташматов, Мутал Бұрханов, Сүлеймен Юдаков, Әуез Мансуров, Диларам Аманнуллаева сынды күйшілеріміздің қызметтері орасан зор.

Бүгінгі таңда айқай-шудан құралған таяз күй мен әндер пайда болып жатқандығы сыр емес. Олар адамдарға, әсіресе, жастар руханиятына кері әсерін тигізеді, сонымен бірге денсаулық үшін де зиян. Мамандарымыз мұндай музыкаларды тыңдаған балалардың есте сақтау қабілеттері төмендеп, зейіндері әлсіреп бара жатқандығын дәлелдеген.

Музыканы таңдау және оны тыңдай білу әдебі де адамның мәдениеттілігін айқындайды.

КҮЙ СИҚЫРЫ

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Фараби музыка ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан. Бір күні ол Дамашқ әмірі Сайфуддавланың алдына келеді.

Әмір әнші мен күйшілерін шақырады. Шақырылған күйшілер қайсы күйді тартса, Әбу Насыр олардың қатесін айтып тұратын. Мұны көріп әмір:

– Музыка өнерінен де хабарыңыз бар ма? – деп сұрады.

– Ия, – деді де Әбу Насыр тағы да дорбасын ашып, одан бірнеше шөп алды.

Шөптерді бір-біріне ұлап тарта бастағанда, отырғандар күле бастады. Кейін ғалым сол шөптерді басқаша біріктіріп орындаған еді, жиналғандар жылай бастады. Ғалым шөптерді басқаша тәртіппен орындап еді, әмірден тартып қақпашыларға дейін қатты ұйықтап қалды. Ал Әбу Насыр жағдайдан пайдаланып сарайдан шығып кетті.

Аңыздарға қарағанда қонун деген музыка аспабын Әбу Насыр Фараби ойлап тапқан екен.



«Мутрибтер мен машшақтар» – музыканттар мен әншілер;

Қонун (чаң) – Шығыс халықтарының арасында кең тараған ішекті музыкалық аспап.



1. Тамаша ән мен ұнамды музыка адамдарға қалай әсер етеді?
2. Сен қандай әндерді сүйіп тыңдайсың?
3. «Күй сиқыры» мәтінін мән беріп оқы. Бір музыкалық аспап негізінде орындалған күйлер не үшін адамдарға түрліше әсер етеді?
4. Ән мен музыка тыңдау әдебі туралы пікір таласындар.

КОНСТИТУЦИЯМЫЗ – БАҚЫТЫМЫЗ ІРГЕТАСЫ

Конституция мемлекеттің әлеуметтік және саяси жүйесін, мемлекет органдарының ұйымдастырылуы мен қызметтерін, азаматтардың құқық және борыштарын белгілеп беретін негізгі заң болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, конституция өмірімізді құқық жағынан ретке салып тұрады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы 1992-жылы, 8-желтоқсанда қабылданған. Ол 6 бөлім, 26 бап, 128 статьядан құралған.

Азаматтардың, соның ішінде, балалардың еркі мен құқықтары Конституциямыздың екінші бөлімінде айтылған.



Конституция – латынша «конститутио» – «құрылым», «тәртіп» деген сөздерінен алынған болып, «белгілеймін», «бекітемін» деген мағыналарды аңғартады.

Конституцияда балалардың білім алу құқығы да кепілденген. 41-статьяда «Әркім білім алу құқығына ие. Тегін жалпы білім алу мемлекет тарапынан кепілденген. Мектеп жұмыстары мемлекеттің бақылауында», делінген.

Мемлекетіміз жас ұрпақтардың терең білім алуына әрдайым қамқорлық жасайды. Мұны біз кейінгі жылдары жаңа құрылған және қайта жөнделген заманауи мектептер арқылы көруімізге болады. Бүгінде біз білім алып жатқан білім орындары барлық жағынан қолайлы, таза әрі жарық, барша қажетті оқу жабдықтары және компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Біздің Конституциямыз ең әділетті әрі адамға қызмет ететін заң болып табылады. Онда өз құқықын қорғай алмайтын адамдардың мүдделері де толық кепілденген. 45-статьяда «Кәмелетке толмағандар, еңбекке жарамсыздар және жалғыз қарттардың құқықтары мемлекеттің қорғауында», – деп жазылған.

2008-жылы 8-қаңтарда Өзбекстан Республикасының «Бала құқықтарының кепілдіктері туралы» Заңы қабылданды. Міне осы заңда да бала құқықтары толығымен кепілденген.

МЕНИҢ ЗАҢЫМ

Ғафу Қайырбеков

Өмір заңы дейді оны,
Айқын, ашық жолдары.
Өмір заңы болған соң,
Менің заңым болғаны.
Мен талапты баламын,
Бар таңдауым алдымда.

Менің жоқ еш алаңым,
Алтын заңым барында.
Сол заңменен тарайды,
Болашаққа түзу жол.
Алтын таңдай арайлы,
Қолымдағы туым сол.



1. Конституция сөзі қандай мағыналарды аңғартады?
2. Өзбекстан Республикасы Конституциясы қашан қабылданған?
3. Конституцияда белгіленген құқықтардың қайсыларын пайдаланып жатырсың?
4. Бүгінгі таңдағы елімізде балалардың бақытты жасауы мен білім алуы үшін қандай жағдайлар жаратылғанын айтып бер.

БИЗДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМИЗ БЕН БОРЫШТАРЫМИЗ. ЗАҢ-ЕРЕЖЕ, ТӘРТІП ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР



Жоғарыдағы суреттерде балалар өздерінің қандай құқықтарынан пайдаланып жатыр?

Өзбекстан Республикасының барлық азаматтары заң алдында тең. Әрқайсымыз өзімізге берілген құқық пен еркіндіктерімізден пайдаланғанымызда, басқа тұлғалардың, қоғам мен мемлекет мүдделеріне зиян келтірмеуіміз шарт. Мәселен, әрбір азамат дем алу құқығына ие. Барлығы дем алып жатқанда шу көтеріп, даусын көтеріп музыка тыңдау өзгелердің тынығу құқығын бұзу болып саналады.

Өзбекстан Республикасы азаматтары жасау, бір жайдан екінші жайға көшу, пікірін еркін баяндау,

сөйлеу және қалаған дініне сиыну құқықтарына ие. Әрбір адам еңбек етуге, еркін мамандық таңдауға, дем алу құқықтарына ие. Ел азаматтарының білікті медициналық қызметтерден пайдалануы және тегін білім алу құқықтары заңмен белгіленген.



Әрқайсымыз берілген құқық пен еркіндіктерімізді пайдалануымызбен бірге, борыш пен міндеттерімізді де біліп алғанымыз жөн. Конституциямыздың 11-бабында азаматтардың борыштары баяндалған. Онда әр адам басқа адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін, қадірін құрмет етуге мәжбүр екендігі айтылған.

Халқымыздың тарихи, рухани және мәдени жәдігерліктерін сақтау әрбір Өзбекстан азаматтарының борышы болып саналады. Сол сияқты, қоршаған ортаны ластамауымыз және табиғатқа ұқыптылықпен қарауымыз шарт.

Отанды қорғау, оның тыныштығын қамтамасыз етуге үлес қосу әрқайсымыздың абыройлы міндеттеріміз бен борыштарымыз болып табылады.

Дүниедегі барлық заттар тәртіппен құрылған. Мысалы, үлкен көшеде кетіп бара жатқан автомобильдердің әрекеттеріне қарайық. Жол екіге бөлінген және көліктердің өз бағыты бойынша әрекеттенуі

қатаң түрде белгіленген. Егер автомобильдер тәртіпсіз әрекеттенсе, жол апаты болуы ықтимал. Қоғам да сондай тәртіп-ережелер бойынша өмір сүреді және дамиды. Қайда тәртіп болмаса, сол жерде бұзылу, әбігерлік болады. Сондықтан, адамдар арасындағы қарым-қатнастарды тәртіпке келтіріп тұруы үшін де қатаң заң-ережелер керек болады. Сол себепті, конституцияны қоғамды ретке келтіруші кешен деуге болады.

Өзбекстан азаматтарының құқықы мен еркіндіктері	Өзбекстан азаматтарының борыштары
Еңбек ету, кәсіпті еркін таңдау	Конституция мен заңдарға бағыну
Дем алу	Басқаларды құрмет ету
Пікірлеу, сөз және дін еркіндігі	Тарихи, рухани және мәдени мұраларды сақтау
Тегін білім алу	Қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау
Білікті медицина қызметтерінен пайдалану	Отанды қорғау, әскери қызметті атқару



1. Өзбекстан Республикасы азаматтарының қандай құқық және еркіндіктері бар?
2. Өзбекстан Республикасы азаматтарының қандай борыштары бар?
3. Тәртіп не? Тәртіпсіздік қандай жағдайларды туғызуы мүмкін?
4. Сен табиғатты және қоршаған ортаны сақтау үшін не етпексің?

БИЗ ӨЗБЕКСТАН АЗАМАТТАРЫМИЗ



Біз Өзбекстан мемлекетінің азаматтарымыз. Азамат дегенде белгілі бір мемлекет аймағында тұрғын жасайтын адамдарды түсінеміз. Өр бір мемлекет өз азаматтарын заң бойынша қорғайды, олардың еркін жасауы, білім алуы мен еңбек етуі үшін жағдайлар жаратып береді.

Мемлекет үлкен аймақта өмірді дұрыс ұйымдастыру, оны ретке келтіру және оны басқару құры-

лымдары болып табылады. Бұл құрылымдар, жалпы атпен мемлекет әкімшілігі деп аталады.

Мемлекеттер әлемде ертеден өмір сүріп келеді. Өр бір мемлекеттің өзіндік басқару жүйелері болады.

Өзбекстан Республикасының Олий мәжлісі **заң шығарушы әкімшілікті** жүзеге асырады. Заң халықтың тілек-сенімдерін ескере отырып, депутаттар тарапынан жаратылады. Ата-аналарымыз таңертең «Сайлауға барамыз», – деп айтқан сөздеріне мән беріп қарасақ, міне осы депутаттарды сайлап келеді. Ал депутаттар халықтың сенімді өкілдері.

Қабылданған заң-ережелерді тұрмысқа енгізумен **атқару әкімшілігі** айналысады.

Сот әкімшілігі заң негізінде әділ соттауды жүзеге асырады. Адам құқықтарын қорғау да осы сот әкімшілігінің міндеті болып саналады.

Сөйтіп, мемлекет әкімшілігі бүкіл қоғам тұрмысын тәртіпке салады және оны бақылап отырады. Мемлекетті басқару жұмысына Президент басшылық жасайды. Президент мемлекет басшысы болып есептеледі.

Өзбекстанда мемлекетті басқару жұмысы халық мүддесін ескере отырып амалға асырылады.



1. Мемлекет дегенде нені түсінесің?
2. Мемлекетті басқаруда кімнің еркі мен қалауларын, мүдделерін ескеруі шарт?
3. Ата-аналарыңнан сайлау не екендігі туралы сұраңдар. Сайлауға кімдер қатысуы мүмкін екен?

АНАЛАРЫМЫЗ БЕСІК ТЕРБЕТСІН

Дүниеде сәби үшін ең тыныш әрі қауіпсіз орын – бұл бесік. Сондықтан да бесік халықтың қолданбалы өнерінің көркем үлгісі болып есептеледі. Оны қолынан бал тамған ағаш шеберлері жасайды.

Бесік мықты әрі денсаулыққа пайдалы тал мен тұт ағаштарынан жасалады. Шебер ұсталар бесік ағаштарына түрлі нақыштар ойып, түрлі-түсті бояулармен өң береді. Бұл баланың көздерін қуантады, тыныштандырып, әсемдікті сезінуге баулиды.

Тал мен тұт ағаштары өте мықты әрі қатты болғандықтан, оны жону, жұқартып бір қалыпқа келтіру, оған нақыш ойып салу жұмыстары оңайға соқпайды. Міне, осындай күрделі ауыр жұмыстарды



шеберлікпен орындағандықтан қолданбалы өнер ұсталарының еңбегін мадақтауға болады.

Ұста-шеберлердің қолынан шыққан, нақышталған бесікті әжелеріміз бен аналарымыз безендіреді. Бесікке көрпешелер, қолбау, жастық және жамылғыштар тігеді.

Аналарымыз бесік тербетіп, перзенттеріне әлди айтады. Әлдиіне перзенттерінің өніп-өсуін, келешекте жақсы адам болуын қосады және ең ізгі ниеттерін білдіреді.

Халық арасында жанұяда жас сәбидің дүниеге келуіне орай «бесік той» өткізіледі. Сәбидің әжесі немересінің салауатты өніп-өсуі үшін әдемі безендірілген бесік алып келеді. Сол күні тойға келгендердің барлығы жас нәресте мен оның ата-аналарына жақсы тілектер білдіреді, ал жас балалар ойнап-күледі.



1. Үйлеріңде қолданбалы өнердің қай түріне тиісті бұйымдар кездеседі?
2. Әлди жас нәрестеге немесе сәбиге қандай әсер етеді?
3. «Бесік той» рәсімі туралы айтып беріңдер. Сен де бесік тойда болғансың ба? Ол туралы айтып бер.
4. Конституциямызды үйренуде сен қандай құқық пен борыштарыңды біліп алдың?
5. Өзбекстанда өкіметті басқару қандай тәртіппен амалға асырылады?
6. Мектебіңде өткізілген қандай шараларға қатыстың? Өткізілген шараның қай жағы саған ұнады?

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНА БАРШАМЫЗ ЖАУАПТЫМЫЗ



Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып айтылған пікірлерді жалғастыр. Неліктен тыныштықты сақтауымыз керек? Себебі...

Тыныштық – баға жетпес игілік. Тыныштық болса, өркендеу де, даму да болады. Біздің тыныш тұрмысымыз, бақытты балалығымыз, заманауи мектептерде білім алуымыз, өзімізге ұнаған спорт түрлерімен шұғылдануымыз – бұлардың барлығы – тыныштықтың арқасы.

Өзбек халқы тыныштықсүйер халық. Өйткені халқымыз тыныштықтың соншалық қадірлі екендігін жақсы біледі. Ата-бабаларымыз «Ел тыныш болса, сен тыныш боласың» деп босқа айтпаған.

Соғыстың үрейлері мен ауыртпалықтарын бабаларымыз бен әжелерімізден естігенбіз, кинофильмдерден көргенбіз. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кәмелетке толған жігіттеріміз бен жұмысқа жарамды еркектер соғысқа аттанған. Егін далала-

ры мен зауыт-фабрикалардағы ауыр жұмыстарды қариялар, әйелдер мен жас балалар істеген. Соғыста миллиондаған адамдар құрбан болған.

Бүгінде дүниенің кей мемлекеттерінде болып жатқан көңілсіз оқиғалар әрқайсымызды сергек болуға шақырады. Тыныштығы бұзылған мемлекеттердегі құрбыларымыздың қарны нанға тоймай, киімдері жұпыны болып, тіпті жасауға баспанасы да жоқ. Олардың өміріне әрқашан қауіп төніп тұрады. Бұл уақытта балалардың мектепте білім алуы орнына қарын тойғызу, жанын аман сақтап қалуы үшін күресіп келеді. Болып жатқан осындай оқиғалардан бейбіт өміріміздің қадіріне жетуіміз керектігін аңғаруымыз керек.



Өз кіндік қаны тамған, ата-бабаларымыздың сүйегі жатқан туған елді дүниеде теңдесі жоқ, киелі Отан деп білетін адамдардың мақсат-мұраттары айқын, намысы мен мақтанышы жоғары болады.

Өкінішке орай, біздің бақытты әрі жарқын тұрмысымызды көре алмай, оны бұзуға әрекет ететін жауыз ниетті күштер де жоқ емес. Олар түрлі жолдармен алдап-арбап, санамызды уландыруға ұмтылады. Көбінесе білімсіз, көзқарасы тайыз жастар мұндайлардың торына түсіп қалуы сөзсіз.

Біз үшін ең жақын дос – ата-аналарымыз бен ұстаздарымыз. Олардан ештеңені жасырмай, әрбір жұмысты орындауда олармен кеңесуіміз керек. Жаман ниетті адамдардың торына түсіп қалмау үшін жақсы оқып, ұстаздарымыз бен ата-аналарымыздың айтқандарын бұлжытпай орындауымыз қажет.

АҚЫЛ БАБАНЫҢ НАСИХАТТАРЫ

Өз Отанын сүймеген адам – жаман адам. Егерде кімде-кім өз туған елінің топырағы мен ағып жатқан суларын, шөл далаларын жүректен сүйсе, ол еш уақытта кем болмайды. Еш уақыт зиян көрмейді, керісінше кемелдене түседі. Ал Отаны жоқ адам халықтың қаһарына ұшыраған адам. Кезі келгенде одан тіпті бір қарыс жер де бұйырмайды. Бір уыс туған жердің топырағы бір батпан алтыннан да қымбат деп босқа айтылмаған.

* * *

Бір данышпаннан сұрапты:

- Сіз үшін ең ұлы әрі қасиетті нәрсе не?
- Отан, – деп жауап беріпті ол.
- Не үшін?

– Себебі сол топырақ, сол жер мен туып өскен, кіндік қаным тамған жер. Сол жердің тұзын татып, суын ішіп, ауасынан тыныстап, ұлғайдым, кемел таптым. Сондықтан да ол мені жарық дүниеге алып келген, тәрбиелеп өсірген анам сияқты киелі.

Ананы Отанға, Отанды анаға теңеуінің себебі де сол.



1. Мемлекетте тыныштық болмаса, адамдардың тұрмыстары қандай болады? Сен не деп ойлайсың?
2. Атаң мен анаң, бабаң мен әжелеріңнен тыныштықтың қадірі жайлы өмірде болған жайлар туралы әңгімелер айтып беруін сұрап және оның мазмұнын дәптерлеріңе жазыңдар.
3. Бейбіт өмірді сақтауымыз үшін не істеуіміз керек?
4. Не үшін Отанды анаға теңейді?

БІЗДІҢ АРМИЯ



1. Отанды кімдер қорғайды?
2. Отан қорғаушысы – әскер қандай болуы керек?

Әр бір мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тыныштығын сақтау үшін өздерінің армиясын қалыптастырады. Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштері 1992-жылы 14-қаңтарында құрылған. Сондықтан да әр жылы 14-қаңтарды «Отан қорғаушылары күні» ретінде атап өтеміз.

Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштері Құрылықтағы қосындар, Әуе шабуылынан қорғану қосындары, Әскери әуе күштері, Арнайы қосындар, Шекара қосындары және басқа әскери бөлімдерден құрылған. Демек, біздің армия мемлекетімізді жан-жақты сеніммен қорғай алады.

Тәуелсіздік жылдары армиямыз жан-жақты дами түсті. Армия заманауи қару-жарақтар, әскери жабдықтармен қамтамасыз етілді. Әскерлерге барлық жағдайлар жаратылды.

Армияда үлгілі қызмет еткен әскерлерге жоғары оқу орнына қабылдау кезінде белгілі жеңілдіктер беріледі.

Әскери өнер елімізде ерте замандардан-ақ дамып келген. Жалаліддин Мәңгіберді, Әмір Темір, Бабыр сынды бабаларымыз қосын құру, оны басқару жұмыстарын, әскери соғыс өнерлерін терең меңгерген еді. Әмір Темір қосын құрып, нөкерлер жинауда жігіттердің күш-қуаттарына, епшілдігіне және ержүректілігіне, ақыл-парасаттылығына көңіл бөлген.



Баурайында өсіріп-ұлғайтқан, жақсы білім алуымыздың, салауатты кәметке толуымыздың қамын ойлаған Отан-Анаға қызмет ету – біз – жастардың абыройлы борышы болып саналады. Бұл үшін баршамыз бір жағадан бас шығарып, үздіксіз спортпен шұғылданып, шынығуымыз керек. Ғылымды терең меңгеріп, көзқарастарымызды кеңейтіп және тіл үйренуіміз керек. Міне, сонда ғана біз нағыз ел сақшысы боламыз.

БЕЙБИТ КҮННІҢ САҚШЫСЫ

Қайрат Жумағалиев

Нағыз батыр – осы аға!
Арай таңмен дос аға!
Ол күзеткен шекара –
Біздің алтын босаға!

Шексіз бұйрат белімді,
Сай-сала, тау көлімді
Көздің қарашығындай...
Сақтайды ол елімді.

Болсын күндіз, түн мейлі,
Ол бір сәт көз ілмейді.
Тыныштықты күзетіп,
Тыныштықты білмейді.



1. Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштері қашан құрылған?
2. Әскери өнердің сырларын терең меңгерген бабаларымыздан кімдерді білесіңдер?
3. Әмір Темір армия құруда және нөкер таңдауда нелерге көңіл бөлген?
4. Ұлғайғаныңда армия қызметіне баруды қалайсың ба? Армия қызметіне бару үшін жастай қандай дайындықтар жасап бару керек?
5. Сеніңше, Отан-Ананы қорғауда кімдер жауапты?

САЛАУАТТЫ ТҰРМЫС



Әр бір адам білікті медициналық қызметтен пайдалану құқығына ие.

40-статья

Ұлы бабамыз Ибн Синаның түсіндіруінше, адамның қанша өмір сүруі оның өзіне байланысты. Салауатты болу үшін адам өзінің күнделікті тұрмысында бірнеше ережелерді қатал сақтау керек. Таңертеңгілік денешынықтыру, серуендеу, дұрыс тамақтану, дем алу, спортпен шұғылдану, тазалықты сақтау – салауатты болып, ұзақ ғұмыр кешірудің негізгі шарттары болып табылады.

Денсаулықты сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы өте зор. Медицина ғылымының ұстаздарынан бірі Гиппократ: «Біздің тамағымыз – біздің дәрі-дәрмегіміз», деп текке айтпаған.

Біз тәнімізге қажетті күш-қуатты, дәрі-дәрмектерді сол дәм-тұздан, тамақтан аламыз. Құрамында йоды аз өнімдерді үнемі пайдаланып отырсақ, тез шаршайтын, ашуға берілушең және әрекетсіз болып қалуымыз мүмкін. Ал адамдар темірге бай азық-түліктерді көп пайдаланбаса, қаны кем, аурушыл және жүйкесі жұқарады.

Ертеде Шығыс медицинасында ауруларды, алдымен, тамақпен емдеуге әрекет еткен. Егер тамақтан



ем табылмаса, содан соң дәрі-дәрмек немесе басқа медициналық ем бұйырылған.

Адам тәні сау болса, оның рухы да сергек болады. Оқулары өте жақсы болып, жұмыстарында өнім болады. Келіңіздер, енді Дәулет пен Сәулеттің күн тәртібін көріп шығайық.

Дәулеттің күн тәртібі

Дәулет өте ынжық және қайсар бала. Ол әр күні түнжарымға дейін теледидар тамашалайды. Ал таңертең ұйқыдан ерте оянууды ұнатпайды. Әрең тұрып, шала-шұрпы жуынады. Кейде шай ісуге де үлгермей, мектепке аш кетеді. Сабақ барысында қайта-қайта есінеп, босасып отырады. Оқытушысының айтқан сөздері оның құлағына кірмейді. Мектептен келе көшеге шауып кетеді. Дәулет әр күнін осылай өткізеді. Сондықтан оның түсі солғын, тәбеті жоқ, сабақтарды игеру дәрежесі төмен.

Сәулеттің күн тәртібі

Сәулет өзінің күн тәртібін қатаң сақтайды. Ол дер кезінде ұйықтайды. Таңертең ерте тұрып, денешынықтырумен шұғылданады. Тістерін тазалап, жақсылап жуынады. Анасы әзірлеген таңертеңгі шайды тәбетпен жеп, мектепке аттанады. Ол сабақта сергек отырады, оқытушысының берген сұрақтарына дер кезінде жауап қайырады, тапсырмаларды толық орындайды. Мектептен келіп, анасына жәрдем береді. Ауылдағы күрес үйірмесіне қатысып, достарымен бірге күрес жаттығуларын орындайды. Кезінде тамақтанып, сабақтарын дайындайды.

Қадірлі оқушы, сендер Дәулет пен Сәулеттің күн тәртібінен өздеріңе қажетті болған қорытынды шығарарсыңдар.

ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Мұзаффар Әлімбаев

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір.
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Сағатқа қарап ап,
Жаттығу оңай-ақ!
Қақпаға туралап,
Теп допты, оң аяқ!
Қақпаға туралап,
Теп допты, сол аяқ!
Оң аяқ!
Сол аяқ!
Жаттығу оңай-ақ!
Доп безек қағады,
Секіріп еденде.
Біресе жоғары,
Біресе төменге.
Секіріп сондай-ақ,
Жаттығу оңай-ақ!



1. Дені сау болу үшін нелерге көңіл бөлуіміз керек?
2. Тәртіпті және дұрыс тамақтанудың адам денсаулығынан алатын орны туралы айтып бер.
3. Сен салауатты тұрмысты сақтап жүрмін деп ойлайсың бар? Қайсы әдеттеріңді денсаулығың үшін пайдалы немесе зиян деп ойлайсың?
4. Өзіңнің күн тәртібің туралы мәтін құрастыр. Денің сау болуы үшін нелерге көңіл бөлу керектігі туралы пікірлеріңді айт.

АНАЛЫҚ ПЕН БАЛАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОРҒАЛАДЫ



Перзенттер ата-аналарының қай тектен, не қай нәсілден және қай елдің азаматы болмасын, олар заң алдында тең. Аналық пен балалық мемлекет тарапынан қорғалады.

65-статья

Әрбір халық өз перзенттерінің дені сау болуын және рухани кемелденуін тілейді.

Өзбекстанда балаға әлі дүниеге келмей тұрып-ақ қамқорлық жасалады. Әрбір облыс және аудандарда ұйымдастырылған арнайы медицина орталықтары ана мен баланың денсаулығын үнемі бақылап отырады.

Жас ұрпақ тәрбиесі мен оның денсаулығына кең көңіл бөлінуі, мемлекетімізде 1998-жылды «Жанұя жылы», 2001-жылды «Ана мен бала жылы», 2008-жылды «Жастар жылы», 2010-жылды «Кемелденген ұрпақ жылы», 2012-жылды «Берік жанұя жылы», 2014-жылды «Салауатты ұрпақ жылы», 2016-жылды «Дені сау ана және бала жылы» деп жариялағандығының өзінен-ақ көрініп тұр.

Түрлі ауруларға қарсы емдеу шараларының балалар денсаулығы үшін қажеті мол. Жарық дүниеге



келгенімізден бастап, осы күнге дейін әрқайсымызда бірнеше рет емдеулер өткізілген. Бұл емдеулер аурудың алдын алуымыз үшін өте маңызды шаралар болып саналады.

Бұдан тыс, әрбір оқушының денсаулығы мектеп медбикелері мен жанұялық поликлиника дәрігерлерінің бақылауында болады. Балалардың дені сау болып өсуі үшін мектеп бағдарламаларына дене тәрбиесі сабағы енгізілген. Қалаған спорт үйірмелеріне қатысу балалардың өз еркінде.

Ұл-қыздарымыздың дені сау болып, рухани жақтан дамыған түрде кәмелетке жетуінде мектеп оқушылары арасында өткізілетін дәстүрлі «Умид нихоллари» спорт жарыстарының орны айрықша маңызға ие.



ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

Ертеде бір кедей жігіт данышпан шалдың алдына келіп:

– Ата, жеуге наным, киерге киімім жоқ. Әбден қиналдым, не істерімді білмей жатырмын. Енді қайда барып датымды айтсам екен? – деп зарланыпты.

Шал оған біраз қарап тұрып, былай деді:

– Ал, ондай болса, сен маған оң қолыңды сат, қанша ақша берейін?

– Жоқ, оң қолым өзіме керек, сатпаймын, – деп жауап қайырыпты қайран бала.

– Ондай болса, оң көзіңді сат.

– Неге мен оң көзімді сатуым керек!? Ол маған әлі қажет, – депті жігіт.

Шал солайша жігіттің дене мүшелерін біреулеп сат деп айтып шығыпты. Ал жігіт оған тек қана жоқ деген жауабын қайталай беріпті. Сонда шал жігітке:

– Төрт мүшең сау бола тұра, неге тұрмыстан зарланасың? Денсаулық – зор байлық қой! Денің сау болса, қолыңнан түрлі жұмыс істеу келеді ғой, солай күн көрсең болады. Ең жақсысы, сен жалқаулықты таста да, еңбек ет, – деп кеңес беріпті.

БЕС САУСАҚ

Ермек Өтетілеуов

Бас бармағым – атам – үйдің данасы,
Балаң үйрек – әжем – ошақ анасы,
Ортан терек – әкем – отау панасы,
Шылдыр шүмек – анам – шаңырақ ажары,
Титтей бөбек – мен – бәрінің базары.



1. Салауатты ұрпақ дегенде нені түсінесің?
2. Елімізде аналық пен балалықты қорғау бойынша қандай жұмыстар амалға асырылып жатыр?
3. Сен қай спорт үйірмесіне қатысасың? Бұл спорт түрі адамда қандай қасиеттерді қалыптастырады?
4. «Денсаулық-терең байлық» әңгімесін оқы.
5. Сеніңше, жігіттің кедейлігінің себебі неде деп ойлайсың? Дені сау, дегенмен жалқау адам өз мақсаттарына жете ала ма?
6. Өзің ұнататын спорт түрі бойынша мәлімет жинап, дәптеріңе жаз.

ӨНЕРДІҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ. ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ӨРЛЕЙДІ



1. Суреттерде қай маман иелері бейнеленген?
2. Сен келешекте кім болмақсың?

Дүниеде кәсіп пен мамандықтар көп. Өмірде әрбір мамандықтың өзіндік орны мен маңызы бар. Наубайшылар халық дастарқанын дәмді әрі тойымды нандармен қамтамасыз етсе, дәрігерлер ауруларды емдейді. Жүргізушілер адамдардың алысын жақын қылса, диқандар ел дастарқанына тәтті қауын-қарбыздарды, астық өнімдерін, жемістер мен көкөністерді тарту етеді. Тігіншілер жарасымды киім-кешектер тігетін болса, ал сәулетші құрылысшылар ел көркіне көрік қосатын сәулетті де биік ғимараттар құрады...

Ата-бабаларымыз «Өнерлі – өрге жүзер», «Өнерлінің өрісі кең», «Жігітке қырық өнер де аз» де-

ген сияқты мақалдарды қайта-қайта айтып отырған. Байлықтан бір сәтте айрылу мүмкін, бірақ білім мен өнерді ешкім де тартып ала алмайды. Адам ең ауыр жағдайларда да өз өнерімен қиындықтарды жеңіп, жағдайларын оңдап алуы мүмкін.

Егерде қоғамда қайсыбір кәсіп немесе өнер болмаса, қандай жағдайлар туындауы мүмкін екендігін ойлап көрші? Егер жүргізуші болмаса, адамдар жұмысқа не оқуға кешікпей баруы екіталай. Егер көше сыпырушы өз міндетін дер кезінде орындамаса, көшелер мен әлеумет орындарында тазалық та болмас еді.

Демек, тұрмыстың бір қалыпты баруы үшін әрбір адам өз кәсіпін құрмет етіп, оның шарттарын дұрыс орындауы қажет.

«Әр бір адам кәсіптік өнерді терең меңгеруі, тәрбие алуы және жақсы әдепке, үлгілі мінездерге ие болуы керек», - деген еді Абу Насыр Фараби.

Кәсіптік өнердің жаманы болмайды. Негізгісі, адамзат өз жұмысын тыңғылықты игеруі, еңбегімен ел-жұртына, жанұясына өз пайдасын тигізерінде.



Іскерлік, мәрттік пен батыллықтың иесі, айтқанынан қайтпайтын істің көзін білетін және сергек іскер адам мыңдаған енжар әрі сылбыр адамдардан жақсы болады.

«Темір түзіктерінен»

ӨНЕРДІҢ ПАЙДАСЫ

Жұрттардың айтуынша, Гуштасп деген бір патша күндердің бір күнінде өз елінен айрылып, басқа елге келіп қалады. Оның ештеңесі жоқ еді. Жеу-

ге тамағы болмай, аш қалады. Біреуден сұрайын десе, намысы келеді. Оның балалық шағы есіне түсе кетеді. Ол жас шағында мектепке кетіп бара жатады, жол бойында орналасқан темірші дүкенінің алдында біраз бөгеліп қалады да, теміршілердің пышақ пен балта соғып жатқанын тамашалайды. Солайша, ол теміршілердің сырларынан аздап хабардар болып қалған еді. Гуштасп көп ойланбай, теміршілер алдына барды да оларға айтты:

– Ей, туысқандар, мен де сендер сияқты теміршілік сырларынан хабарым бар еді, мені де өздеріңе серік етіңдер.

Теміршілер разылығын білдіріпті. Гуштасп біраз уақыт жұмыс істеп, ақша жинайды. Содан соң отанына қайта оралады.

Оның сондай мәртебеге қолы жеткен шағында жастарды да, кәрілерді де кәсіп-өнер үйренуге үндеді. Жастарды күннің бірінші жартысында оқытты, екінші жартысында өнер үйренуге әмір етті.

«Машриқзамин – ҳикмат бұстони» кітабынан



Өнеркәсіп және білім туралы хадистер

Адамдардың жақсысы – адамға тиер пайдасы

* * *

Ғылым-білім үйрену – әрбір момын үшін парыз

* * *

Кәсіптің ең жақсысы адамның өз қолымен орындайтын жұмысы мен һалал сауда

* * *

Садақаның абзалдығы, ғылым үйреніп, соң оны өзгелерге де үйретуінде



1. Кәсіп-өнерді бірін екіншісінен жоғары қоюға бола ма?
2. Адам өмірде нелерді жоғалту мүмкін? Нелерді одан тартып ала алмайды?
3. Гуштасптың қиын сәттерден құтылуына қандай көмек келді?
4. Сен қандай өнерді игеруге қызығасың? Оны толық игеру үшін не істеу қажет?

МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Қай адам болса да һалал кәсіппен мал-дүние арттырып, одан өзінің және Тәңрі пенделерінің азық-түлігі мен киім-кешектеріне жұмсаса, бұлардың барлығы оған садақа болып есептелінеді.

«Хадистен»



Суреттерде бейнеленген мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері туралы айтып беріңдер.

Әрбір кәсіптің өзіндік қиыншылықтары мен өзіне тән қасиеттері болады. Кей мамандықтарды игеруге терең білім, ал кей мамандықтың шебері болу үшін тума дарын немесе тума қабілет керек болады.

Оқытушылық – ең абыройлы мамандық. Ұстаз болуды қалаған адам, ең алдымен, балаларды жүректен сүю қажет. Оқытушы балаларға ғылым-білім сырларын үйретумен қатар, оларды тәрбиелейді де. Сондықтан да халқымыз оқытушыларды ардақтап, «Ұстаз – атаңнан да ұлы» дейді.



Дәрігер боламын деген адам өте зерек, табанды әрі білімді болуы керек, өйткені науқастың өмірі сол дәрігердің қолында болады. Дәрігердің бір ғана қателігінен адамзат өмірбойы мүгедек болуы немесе өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Өнер иесі, суретші, ақын не жазушылар қашанда елдің назарында болады. Сондықтан да бұл кәсіп иелері дарынды қабілеттілігімен бірге көп-

теген қасиеттерге де ие болуы керек. Олар халқымыз тарихы мен мәдениетінен хабардар болуы қажет. Еңбексүйгіштік шығармашылықпен шұғылданатын адам үшін ең қажетті қасиет. Себебі шығармашылықтың бір пайызы дарындылық болса, тоқсан тоғыз пайызы өзінің еңбегі болып табылады.

Халқымыз іскер адамдарды қадірлейді. Өйткені мұндай адамдар халқы үшін, Отаны үшін көптеп пайда келтіреді. Бүгінде елімізде іскерлікті дамытуға үлкен мән беріліп отыр. Іскерлер өз кәсіпорындарында халық қажеттілігіне және шетелдерге сату үшін түрлі өнімдер өндіріп жатыр.

Фермерлік те жақсы кәсіптердің бірі. Фермер тек қана диқаншылық пен шаруашылықтан ғана емес, сондай-ақ жұмысты дұрыс жүргізу, есеп-қисап, ілім мен ғылымның жаңалықтарынан да хабардар болып тұрады. Сонда ғана оның жұмыстары әрі қарай дами түседі.

Адам қай кәсіпті таңдаса да, өз алдына айқын мақсаттар қойып, оны жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етіп, әрекетте болуы керек. Өмірдегі қиыншылықтарға шыдап, оны жеңе білгендер ғана өз кәсібінің шебері ретінде құрмет пен алғысқа ие болады.



1. Оқытушы қандай қасиеттерге ие болуы керек?
2. Неліктен дәрігерлерден өте зеректік пен табандылық талап етіледі?
3. Сенің ауылдарыңда да іскерлер мен фермерлер бар ма? Олардың жұмыстары туралы айтып бер.
4. Келешекте кім болмақсың? Сен таңдаған маман иесінде қандай қасиеттер болуы қажет?

ЕҢБЕК ЕТУ МЕН КӘСІП ТАҢДАУ ҚҰҚЫҚЫ



Әрбір жеке тұлға еңбек ету, еркін мамандық, әділ еңбек жағдайларында жұмыс істеу және заңда айтылған тәртіпте жұмыссыздықтан қорғану құқықына ие.

37-статья



Елімізде әрбір адам өзі қалаған мамандықты таңдауы және сол мамандық бойынша еңбек етуі мүмкін.

Еңбек адамды ұлылайды, өмірін мазмұнды етеді. Халал еңбек еткен адам өзінің шаршағанын білсе де, рухы тетік, көңіл-күйі көтеріңкі болады.

Өмірде дұрыс мамандықты таңдай білу өте маңызды. Өйткені адам белгілі бір мамандықты игеру үшін бірнеше жылдық өмірін соған арнайды. Адам өзі ұнатқан кәсіпті тез әрі оңай меңгереді. Сондықтан оның жұмысында өнім болады.

Тұрмыста сүрінбей, қоғамға көбірек пайда келтіремін деген адам жастайынан белгілі бір кәсіпті не-

месе өнерді таңдап, оны тиянақты меңгеруге тырысады. Бабамыз Әлішер Науаи:

Өмірді босқа өткізбе, еңбек ет,
Еңбек бақыттың кілті, соған жет, –

деп босқа айтпаған.

Еліміздегі жастардың өздері қалаған кәсіптерді игеруі үшін қажетті жағдайлар жаратылған. Заманауи жабдықталған кәсіп-өнер колледждерінде жігіт-қыздарымыз өздері ұнатқан мамандық сырларымен танысып, оны мұқият меңгеруде.

Қадірлі оқушы, сендер, тап қазір, оқитын, үйренетін жастасыңдар. Қазірден бастап өзіңе ұнаған кәсіпті таңдап, оны қалай меңгеруімізге болатынына дайындалуымыз керек. Белгілі бір кәсіпті таңдауымызда ата-аналарың мен ұстаздарыңның пікірлерін, сонымен бірге өзіңнің сол кәсіпке деген қызығушылығың мен мүмкіндіктеріңді де есепке алғаның жөн болады.



Төменде берілген кәсіп-мамандық аттарын заманауи және көне мамандық аттары сияқты екі топқа бөл. Сол мамандықтар қазіргі күнде де бар ма? Олардың қайсысы жаңаша атпен аталады?

Қолөнерші, инженер, бағдарламашы, құмырашы, тақия тігуші, фермер, диқан, мыскер, космонавт, жүргізуші, журналист, шопан, режиссер, аспаз, менеджер, көркем жазушы, наубайшы, би, саудагер, тігінші, іскер, шабарман, уәзір, дизайнер, емші, сәулетші, керуенбасы, оқытушы, суретші, дәрігер, ұшқыш.



ӨНЕР МЕН КӘСІП ЖӘНЕ ОНЫ МЕНГЕРУДІҢ ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Өнер асатады,
Еңбек жасартады.

Ер қадірін ел білер,
Зер қадірін зергер
білер.

Жүз өнерді шала
білгенше,
Бір өнерді толық біл.

Өнерліге өлім жоқ,
Шебердің қолы көпке ортақ.

Өнер – ағып жатқан бұлақ,
Ілім – жанып тұрған
шырақ.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.



1. Еңбек ету мен кәсіпті таңдау құқықы Конституциямыздың нешінші статьясында айтылған?
2. Адам не үшін еңбек етеді?
3. Мамандықты таңдауда нелерге мән беруіміз шарт?
4. Университет немесе өнеркәсіптік колледждерінде оқып жүрген әпке-ағаларың бар ма? Олармен бірге мамандықты таңдау барысында әңгімелес.
5. Жоғарыдағы мақалдарды оқып, олардың мағыналарын түсіндір.

КІМ БОЛАМ?

(Практикалық жұмыс)

БОЛУ ҮШІН ҒАРЫШКЕР

Ескен Елутаев

«Болам десең ғарышкер,
Қиын өнер ол», – деді.
Әкем «Осы бастан-ақ,
Есепке алғыр бол» – деді.

«Болу қиын ғарышкер, –
Деп ағам да толғады, –
Шынық осы бастан-ақ,
Спортсмен бол-дағы».

Айтты және анам да:
«Жігерлі бол, оқы көп.
Ғарышкер шықпас адамнан,
Жүрегінің оты жоқ».

Айтылғаннан осынша,
Мынау менің түйгенім.
Болу үшін ғарышкер,
Жөн екен көп білгенім.

МЕНИҢ МАМАМ – ТІГІНШІ

Роза Қунақова

Мамам менің – тігінші,
Сәнді киім тігеді.
Мамам шебер бірінші,
Ісін жақсы біледі.

Қандай әсем қарашы,
Мамам тіккен жейделер.
Киген кезде баласы,
Ырза боп жүр жеңгелер.

БОЯУШЫ

Әбдірахман Асылбеков

Сырлап зәулім сарайды,
Тандандырған талайды, –
Көріп жүрсің сен күнде,
Бояушы апай, ағайды.

Бояушылық – ол да өнер,
Үйге сәулет, өң берер.
Жадырайсың сен-дағы,
Жайнап тұрса бөлмелер.

БАЛЫҚШЫ

Фариза Оңғарсынова

Дауылға да қарамай,
Жауынға да қарамай.
Балықшылар жағада,
Ау тартады жағалай.

Сазанының дәмін-ай,
Шабағының бәрі май.
Қорытпалары танадай,
Шоқырлары баладай.

ТОҚЫМАШЫ

Шәміл Мұхамеджанов

Жүн мен жібек, мақтадан,
Тоқитұғын матаны,
Танимыз жұрт мақтаған,
Тоқымашы апаны.
Дүкендерге үйілді,
Шұға, торғын, бөзі де...
Содан тіккен киімді,
Киіп жүрмін өзім де,
Киіп жүрсің өзің де.



Төмендегі суреттерде қайсы кәсіп иелері бейнеленген? Олар туралы не білесіңдер?



ІЗГІ ҚАСИЕТТЕР – АДАМ КӨРКІ



1. Сендердің достарың көп пе? Олар жөнінде айтып беріңдер.
2. Досың жолдан адасса, сен қандай жол тұтасың?

Достықты қадірлеу адамның ең жақсы қасиеттерінен саналады. Шын дос қай уақытта болса да өзін батыр санайды. Адам жақсы сәттерін достарымен бірге өткізсе, қуанышы арта түседі. Басына ауыр күндер туса, шын досыңа сүйенесің.

«Ағаш тамырымен, адам достарымен», деген мақал тектен-тек айтылмаған. Ағаштың тамыры қаншалықты мықты болса, қатты самал мен дауылдарға төтеп бере алады. Адамның достары қаншалықты көп болса, өмірі соншалықты мазмұнды болады. Достарыңның көмегімен өмірдің өткелдері мен соқпақтарынан өтіп, өмір қиыншылықтарын жеңе аласың.

Досқа қиянат жасаған адамдарға құрмет пен сенім де жоғалады. Достыққа қиянат жасамау – біздің адамилық борышымыз.

Өмір барысында біз өте көп адамдардан жақсылық көреміз. Ата-анамыз, туыстарымыз, ұстаздарымыз біздерге тек қана жақсылықты тілейді. Адам өзіне жасалған жақсылықтарға, сөзсіз, жақсылықпен жауап қайтаруымыз керек.

Ал, жамандық жасағандарға қалайша жауап қайтару керек? Жамандыққа жақсылықпен жауап қайтару барлығының да қолдарынан келе бермейді. Егерде саған біреу жамандық жасаса, қаншалықты

ауыр болса да, сөзсіз, оған жақсылықпен жауап қайтару керек. Сонда ғана ол істеген ісінен өкінеді, ұялғанынан жамандыққа баспайды.

«Темір түзіктерінде» мынадай сөздер бар: «Маған қастандық жасап, өлтіруді көздеген адамдарға, соншалық сый-сыяпаттар жасап, оларға құрмет пен іззет көрсеттім. Бұл жасалған жақсылықтарды көріп, мұздай терге батып, жерге кірердей болды». Бұдан бабамыз Әмір Темір өзіне дұшпандық жасаған адамдарға да жақсылық жасап, оларды дұрыс жолға бастағандығы көрініп тұр.

Дүниеде табайын десең амандық,
Біреуге түйірдей қылма жамандық, –
деп айтылған ғұламалардың нақыл сөздерін
әрқашан есте сақтауымыз қажет.

ЖАҚСЫЛЫҚ



Гүлнұр әжесіне айтты:

– Әже, ұстазым жақсылық туралы мәтін құрастырыңдар деп тапсырма берді. Бірақ мен не жазуды білмеймін. Өтінемін, жәрдем беріңізші!

– Ұстазың өте маңызды тапсырма беріпті, қызым. Дүние жақсылықпен көрікті. Тұрмыста адамдар бір-біріне тек қана жақсылық жасауы керек. Жақсылыққа әрдайым жақсылық, ал жамандыққа жамандық қайтады.

Мен саған бір әңгімені айтып берейін. Бір күні ақкөңіл арыстан тышқанды мысықтың шеңгелінен

құтқарып, оған жақсылық жасапты. Арадан бірнеше күн өтіп, арыстан аңшының тұзағына түсіп қалады. Арыстанның жақсылығын ұмытпаған тышқан өткір тістерімен тұзақты кесіп, оны азат етіпті. Көрдің бе, жақсылық ешқашан да жауапсыз қалмайды.

– Әже, неліктен адамдар бір-біріне жамандық жасайды?

– Біреуге жамандық жасау – ең ауыр күнә. Біреуге жамандық жасаған адамдар, әлбетте, өз жазасын алады. Егерде кімде-кім біліп-білмей бір күнә жұмыс жасап қойса, оны жою үшін артынан бір сауап жұмыс жасауы қажет. Сауап іс жасаса, адамның өзі де қуанады. Жақсылықтың да, жамандықтың да үлкен-кішісі болмайтындығын ұмытпағанымыз жөн. Әжесінің айтқан сөздерінен толқынданып:

– Мен кімге жақсылық жасасам болады? – деді Гүлнұр.

– Қазірше сенің жақсылығың әдеп-құлқыңда, жақсы оқуыңда, ата-анаң, ұстаздарыңның сөздерін екі етпей орындауыңда. Өмірің әлі алдында, балам. Көп жақсылықтар жасауға үлгіресің, – деді әжесі Гүлнұрдың басынан сипап.



1. Жақсылық дегенде нені түсінесің? Саған да біреу жақсылық жасаған ба?
2. Не үшін ғұламалар жамандыққа жақсылықпен жауап қайтару керектігін түсіндіреді?
3. «Жақсылық» атты әңгімені оқып, мазмұнына мән беріңдер. Гүлнұрдың әжесі жақсылықтың пайдасы мен жамандықтың зияны туралы не айтты?
4. Сен осы әңгімеден қандай қорытындылар жасадың?

АДАМ ДҮНИЕТАНЫМЫ ОНЫҢ РУХАНИЯТЫН АНЫҚТАЙДЫ

Адамның қандай екендігін оның сөздеріне, жүріс-тұрыстарына, істеген жұмыстарына қарап білуімізге болады. Дүниетанымы кең, руханияты жоғары адамдар айналасындағыларға тек қана жақсылық тілейді, ел-жұртының өркендеуіне қызмет етеді. Ал дүниетанымы тар, руханияты тайыз адамдар тек өздерін ғана ойлайды.



Руханият – адамды рухани пәктенуге, рухани терең түсінікке ие болуға үндейтін, адамның ішкі дүниесі мен күш-жігерін мықты әрі иман-нанымын бүтіндейтін, ар-ожданын оятатын шексіз күш – оның барлық дүниетанымдарының өлшемі болып саналады.



Руханиятты жетілдіру үшін көп оқып-үйренуіміз, дүниетанымымызды байытуымыз қажет. Мұнда бізге кітаптардың тигізер пайдасы көп. Кітап – адамның ең жақын досы әрі сырласы. Өкінішке орай, кейбір құрбыларымыз алтын уақыттарын босқа өткізіп жүр. Әсіресе келешекке іргетас қоятын жаста біз уақытымызды пайдалы жұмыстарға жұмсауымыз, білім алуымыз және көп кітап оқуымыз ең дұрыс жол болып табылады.

Мемлекетімізде жастардың өз қабілеттерін жүзеге асыруына барлық мүмкіншіліктер жасалған. Қала мен

ауылды жерлерде музыка және өнер мектептері, спорт үйірмелері, балалар шығармашылық орталықтары қызмет атқарып келеді.

Дүниетанымымызды байытуда тіл үйрену маңызды мәнге ие. Ана тілінен басқа тағы үш-төрт тілді білгенге не жетсін?!

Бабаларымыз қалдырған рухани-мәдени мұралармен де танысуымыз керек, себебі тарихымызды қаншалық көп білсек, кімдердің ұрпақтары екендігімізді біліп отырамыз және оларға лайықты болуға ұмтыламыз.

Сонымен бірге, дүние халықтары тарихы, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарынан, заманауи білім мен ғылым жетістіктерінен де хабардар болып отыруымыз керек.

МЫҢ АЛТЫНҒА ТЕҢ НАҚЫЛ

Бір күні атамыз – Әмір Тарағай батыр көп қойларды маған беріп, Самарқан базарына сатуға жіберді. Қойлардың барлығын мың алтынға сатып, ақшаны беліме байлап, серуендеп жүр едім. Бір жерде даусы саңқылдаған диуана қағазға жазылған өлеңді қолына алып адамдарға қарай сөйлеп:

– Осы жазудың қадіріне жетіп, кім мың алтынға сатып алса, дүниенің соңына жетеді..., – деп айтып тұр екен.

Жомарттығым ұстап, мың алтынды диуанаға бердім. Ол маған тігіліп қарап тұрды да, нәсілімді сұрады. Айттым. Соң тапсырды.

– Бұл хатты атаңның алдына барғанда оқы, барғанша ашпа...

Қағазды келтіріп, атама бердім. Ашып оқыды. Парсыша рубаи екен. Жазылған хаттың мазмұны: «Дүниеде зұлымдықпен даңқ шығарып болмайды. Жәмшид, Сүлеймен, Ескендірлер өтіп кетті, нәубет саған да келуі анық. Өмірге келген соң, артыңа жақсы ат қалдыр...»

Рубаидың авторы – сол диуана-ғұлама ақын Камал Хужанди екен. Атам ол кісіні қатты құрметтейді екен.

– Жарайсың, ұлым, алтынды көптеген даналық жұмысқа жаратыпсың. Енді мың алтынға сатып алған бұл нақылға сүйенуің керек...

Атамның айтқандарын бұлжытпай орындаймын.

«Темір түзіктерінен»



«Падари бузуруквор» – парсыша «ата» деген мағынаны білдіреді.

Диуана (қаландар) – ел кезіп, діни білімдерді насихаттаушы адам.

Рубои – төрт тармақтан тұратын насихат өлеңі.

Жамшид, Ескендір – күш-құдіретіне тең келмейтін аңыз патшалары.

Сүлеймен – пайғамбар әрі патша.




1. Адам руханиятының жоғары екендігін қалай білуге болады?
2. Дүниетанымымызды кеңейтуіміз үшін не істеуіміз керек?
3. Руханиятымызды дамытуымызда кітаптардың алатын орны туралы айтып бер.
4. Өмір Тарағай мың алтынға сатып алған өлеңінде қандай сөздер жазылған еді? Сеніңше, бұл сөздер мың алтынға тең бе?

СИҚЫРЛЫ СӨЗДЕР

Дилшод Ражаб

Әрбір айтқан сөзіміз –
Айнадайын көзіміз.
Айтқан әрбір сөзімізде,
Көрінеміз өзіміз.
Қандай жақсы сөз – «калом»,
Әдеп басы «Ассалом»
Әр уақытта да ұнайды,
«Рақмет», «Мархабат», «Жарайды»
Соңғы сөз де керемет –
«Қош, сау бол» бұл құрмет!



«Оқ жарасы бітсе де, тіл жарасы бітпейді», сондықтан да бұл жарақатқа ештеңе де ем бола алмайды. Тіл найзасы қай көңілді жараласа, оған тек тәтті тіл мен жылы сөз ғана ем болады. Жылы сөз жауыздарды досқа айналдырады және жылы сөз арқылы жыланды да інінен шығаруға болады». Бұл даналық сөздерді Әлішер Науаи бізге мұра етіп қалдырған.

Шындығында да, дененің бір жері зақымданса, оны емдейміз. Жара біткен соң, оны ұмытамыз. Біреу көңлімізді ауыртып, жаман сөзбен балағаттаса ше? Бұл жағдай адамның есінен шыға қоймас.

Тіл адамның әрі досы, әрі дұшпаны. Дұшпанға жылы сөз айтып, досқа айналдыруы, ал досқа ащы сөз айтып, бір сәтте дұшпанға айналып қалуы мүмкін. Орынсыз сөз сөйлегеннің басына бәле болады, сондықтан да алдымен ойлап, кейін сөйлеу керек.

Тілдегі әр сөздің өзіндік сиқыры мен күші болады. Кейбір сөздер адамға жақсы әсер етеді.

«Ассалаумағалейкум», «қош келдіңіз», «марқабат», «кешіріңіз», «өтінемін», «рақмет», «жарайды», «ләббай», «сау болыңыз» сияқты сөздерді сөйлеу барысында көбірек пайдаланғанмыз жөн.

Өзбек халық ертегілерінде ертегі қаһармандары айтқан «Ассалаумағалейкум» деген бір ауыз сөзі олардың өмірін сақтап қалады. Мұндай сиқырлы сөзді естіген мыстанның тас жүрегі еріп, «Егер де сәлемің болмағанда, екі шайнап, бір жұтар едім» дейді. Көп аңыздар иесі Нәсриддин Әпендіні де бәріміз жақсы білеміз. Ол кез келген қиын сәттерден өзінің білімділігі және тапқырлығымен құтылып қалады.

Мәміле әдебі адамның көркі болып табылады. Жанұяда, туған-туысқандармен, сол сияқты достармен әңгімелескенде мәміле әдебін сақтап отыру қажет.

«Авесто» деп аталатын көне кітапта ізгі пікірлер, ізгі сөздер мен ізгі жұмыстарға сүйене отырып жасау керектігі айтылады.

Өмірде мол табыстарға қол жеткізуің үшін, мәміле әдебін, сөйлеу мәдениетін сақтай біл.

ТІЛІҢЕ САҚ БОЛ – АМАН БОЛСЫН БАСЫҢ

Оқу мен білімнің тілмашы – тіл. Адамға жарқын өмір, жақсылық пен ізгілік тіл арқылы келеді. Мұны мұқият біліп алу қажет. Құрмет пен ізетті, атақ пен абыройды да адам тілі арқылы табады. Егер тілге мән берілмесе, оны орынсыз қолданса, адам басының жарылуы анық. Тіл тасты да жаруы мүмкін.

Тіл – қапаста жатқан арыстан,
Әпсәтте айрылып қалма басыңнан.

Сөзіңді тый, басың жарылмасын,
Тіліңді тый, тісің сынбасын...

«Көп сөз, бос сөз» демекші, өте аз сөйле. Аз сөзге, көп мағына сыйғызуға әрекет жаса. Себебі:

Адам басы жылы сөзбен көкке жетер,
Артық сөзбен адам басы жерге тиер.

Артық айтылған сөз адам көңліне қаяу түсіреді. Дегенмен сөйлемеуге де болмайды. Мұндайда мылқау деген атқа ие болып қалуың да мүмкін. Соған орай орташа жол ұстанған мақұл.

Тіліңе сақ бол – аман болсын басың,
Сөзіңе сақ бол, ұзара берсін жасың.

«Құтадғу білік» шығармасынан



«Рушнолик» – жарқын өмір, жақсылық.
«Мәлік» – құрметті, абыройлы, көк, патша.



1. Тіл адамның әрі досы, әрі дұшпаны деген пікірді түсіндіріп бер.
2. Сен қандай сиқыры бар сөздерді көп қолданасың?
3. Ойламай айтылған сөз қандай салдарға алып келуі мүмкін?
4. Достарыңның қайсы қасиеттерінен үлгі алуыңа болады?

МЕКТЕП – КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ



1. Неге мектепті киелі шаңырақ дейміз?
2. Сен не мақсатпен мектепке барасың?
3. Қай пәндер саған көбірек ұнайды? Неліктен?

Данышпандар «Дүниедегі ең қасиетті әрі киелі шаңырақ қай жер?» деген сұраққа, «Мектеп» деп жауап берген. Ал, не үшін мектеп? Өйткені бұл жерде еліміздің болашағы болған жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріледі. Мектепте сауат ашамыз, білім меңгереміз, дүниетанымымыз қалыптасады.

«Ғылым үйрену әрбір момын үшін парыз», «Бесіктен қабіріңе дейін ілім ізде», «Бір сағаттық ілім үйрену, бір түндік ғабадаттан да абзал» делінген хадистерде.

Бабаларымыз ілімнің қадірін терең түсінген, адамдарды ілім үйренуге шақырған.



Оқу – инемен құдық қазғандай қиын жұмыстардың бірі. Шыдамдылық пен сабырлыққа шыдаған, шын көңілмен оқыған адам ғана өз мақсатына жетеді.

Мектеп табалдырығын аттағанымызда ұстаздарымыз бізді жылы шыраймен қарсы алды. Қолымыздан ұстап, білім әлеміне жетеледі, оқу-жазуды үйретті.

Өміріміздің тоғыз жылы сүйікті мектебіміздің аясында өтеді. Осы тоғыз жылдың ішінде біздің білім алуымызға, оқып-үйренуіміз үшін аянбай еңбек еткен жанкүйер оқытушыларымыз болып табылады.

Екінші үйіміз болған мектеп және ондағы әрбір жиһаздар біздің ортақ мүлкіміз. Оларды көз қарашығындай сақтап, іні-қарындастарымызға бүп-бүтін қалдыру – борышымыз.

Әрқайсымыз мектепте жарияланған тәртіп-ережелерді қатаң сақтап, оларды бұлжытпай орындауымыз қажет.

Заманауи, жарық мектептерде оқып жатқандығымыз, Отанымыздың бізге жасаған қамқорлығы. Бұл

үшін біз жақсы оқуымыз, үлгілі мінез-құлыққа ие болуымыз шарт.

Қазірше біздің негізгі міндетіміз – оқу. Жақсы оқып, келешегіміз үшін іргетас жаратуымыз қажет. Бүгін алған білімдерімізді келешекте жанұямыз бен еліміздің дамуы үшін пайдаланамыз. Еліміз өркендесе, тұрмысымыз жақсара түсіп, молшылыққа кенеледі.

Ғұламалар білім мен оның пайдасы туралы

Оқу қайда болса, ұлылық болар,
Білім қайда болса, даналық болар

Жүсіп Баласағуни

Аздап үйреніп, дана болар,
Тамшы жиналып, дария болар.

Әлішер Науаи

Ілімнен артық қазына болмас,
Өмір бойы терсең, таусылмас.

Абдуллах Рудаки



1. Не үшін біз мектепті киелі шаңырақ дейміз?
2. Мектеп мүлкі дегеніміз не? Оны қалай түсінесің?
3. «Жақсы оқу – ертеңгі күннің іргетасы» дегенде қандай мән бар?
4. Өзің оқып жатқан мектебің туралы айтып беру үшін ол саған ұнайды?
5. «Менің сүйікті мектебім» атты тақырыпта мәтін құрастырыңдар.

ӘДЕП-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ (Практикалық жұмыс)



Әрбір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіп пен әдеп ережелері бар. Оларда сол ұлттың табиғаты, мінез-құлқы, арман-тілектері, ниеттері бейнеленеді.

Шығыс халқы ертеден-ақ бір-бірімен шоғарланып өмір сүруге әдеттенген және айналасындағылардың пікірлерін құрмет еткен. Олар «Бір балаға жеті көрші ата-ана» деген нақылға сүйенген. Баланың әдеп-құлқына тек ата-анасы ғана емес, бәлкім бүкіл ауыл-аймақ тұрғындары да жауапты болған. Бала тәрбиесіне терең мән берген ата-бабаларымыз үлгі мен өсиетке толы шығармаларды көп жазған.

Ата-аналар мен үлкендерге құрмет, кішілерге ізет, әдептілік, қонақжайлық, еңбексүйгіштік өзбек елінде жасап жатқан халықтың негізгі әдеп өлшемі болып табылады.

Хусейн Воиз Кашифи «Футувватномаи Султоний» атты шығармасында жастарға тиісті болған сұхбат әдебінің сегіз ережесін санап өтеді. Олар:

- сұрамаса сөйлемей;
- сөйлегенде дауысты көтермей;
- сөйлегенде оң мен солға қарамау;
- көре алмаушылық пен жала жабу сөздерін айтпау;
- қатты сөйлемей және бетінен алмау;
- өкініп қалмау үшін ойлап сөйлеу;
- адамдардың сөзін бөлмей;
- көп сөйлемей. Өйткені көп сөйлеу, ақыл-санасының төмендігінің белгісі. Аз болса да, саз айтуды ұран ету керек.

«Егер жақсы сөз қайсы десе, адамдарға пайдасы тиетін сөз де. Жаман сөз қайсы десе, біреуге зияны тиетін сөз деп жауап бер».

ҮЛГІ-НАСИХАТТАР

Тыңдап ата-ананы
Сөздерін қадірле.
Мал-мүлкің көбейсе,
Көкірек керіп құтырма.

* * *

Әлемге бақпай суық сөз,
Надан, бетсіз, сараңға.
Жағымды да әдепті бол,
Қалсын атың көп жылға.

* * *

Ұлы адам сені шақырса,
Жылдам басып шауып
кел.

Аштықта бірге ортақтас,
Не күйде болса жұрт пен
ел.

* * *

Кең тон тозбас, Кеңесті
іс бұзылмас.

* * *

Батыр соғыста, Даныш-
пан мәжлісте
сыналады.

* * *

Әдеп – тілден бастала-
ды.

«Девони луғат-ит турк» шығармасынан

ӘДЕП

Су, От пен Әдеп – үшеуі дос болыпты. Бір күні олар серуендеуге шығыпты. Бір-бірлерінен қауіптеніп, Судан сұрапты:

– Егер жоғалып қалсаң, сені қайдан табамыз?

– Қайда сарқыраған дыбысты естісең, мен сонда боламын, – депті Су.

Содан соң Оттан сұрапты:

– Сені жоғалтсақ, қайдан табамыз?

– Қайда түтін көрсеңіз, мен сол жерде боламын, – депті От.

Кезек Әдепке келгенде, ол былай деп жауап беріпті:

– Мені жоғалтсаңдар, іздеп жүрмеңдер. Ешқайдан таба алмайсыңдар.

«Сырлы, өнегелі және тұрмыстық әңгімелер» кітабынан



1. Неліктен Шығыс халықтары, яғни ата-бабаларымыз әдеп-құлыққа терең мән берген?
2. «Әдепті әдепсізден үйрен» дегенде нені түсінесің?
3. Жақсы адам қандай қасиеттерге ие болады?
4. Хусейн Воиз Кашифи сөйлеу әдебінде нелерге көңіл бөлу керектігін айтқан?
5. Құлықтың «Мені жоғалтсаңдар, іздеп жүрмеңдер. Ешқайдан таба алмайсыңдар», деген сөздерінен қандай қорытынды шығаруға болады?
6. Дәптерлеріңе мінез-құлқыңдағы жақсы және кейбір әдеттерден айрылуым керек деген жақтарыңды жаз.

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

БІЛІМНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Үнді халқының асыл жазба ескерткіші – «Махабхарат» дастанында өнегелі бір әңгіме бар. Онда Юдхиштхира деген адамның өз інілерін өлімнен сақтап қалу үшін орман диюінің сұрақтарына жауап беруі айтылады.

«...Юдхиштхира дауыс шыққан жаққа жүрді де, кенет ағаштардың қалың бұтақтарының арасында тұрған орман диюіне көзі түседі. Оның бойы пальмадай келетін, денесі оттай жанып, нұр шашып тұратын еді. Оның көздері доп-домалақ, кірпік қақпай тұр. Ол күшті сарқыраманың шуын еске салатын гүрілдеген дауыспен сұрады:

– Сен жауап бересің бе? Немесе мәңгіге осында қаласың ба?

– Сұрай бер, – деді Юдхиштхира.

Орман диюі сұрақ беруге үлгермей-ақ дайын жауаптарды айта бастады.

- Қалай ақылды болу керек?
- Данышпандармен сұхбат құрғанда.
- Жауынгер үшін ең қымбатты зат не?
- Құрал.
- Жер жыртушы үшін ең қажетті зат не?
- Жаңбыр.
- Тұқым себушіге ше?
- Тұқым.
- Не зат көктен де жоғары?
- Ата.
- Не желден де ұшқыр?
- Ой.

- Не көзін жұмбай ұйықтайды?
- Балық.
- Туылғаннан кейін қимылдамайтын зат не?
- Жұмыртқа.
- Адамды суықтан не сақтайды?
- От.
- Атаның жан жүрегі кім болуы мүмкін?
- Перзент.
- Ең жақсы байлық не?
- Білім.
- Қандай аурудың емі жоқ?
- Ашкөздіктің.
- Ей, адамзаттың ең данасы, сен менің барлық сұрақтарыма дұрыс жауап бердің.

Осы сөздерді айтып орман диюы көзден ғайып болыпты».



ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТ

Атақты өзбек жазушысы Пірімқұл Қадировтың «Юлдузли тунлар» шығармасы ұлы бабамыз Захириддин Мухаммед Бабырдың қызы Гүлбаданбегім де әйгілі ақын әрі тарихшы ретінде елге танылған. «Юлдузли тунлар» романынан алынған төмендегі үзіндіде 5 жасар Гүлбаданбегімнің ата-анасына деген құрмет-ықыласы өте әдемі бейнеленген.

«...Бабыр кішкентай қызын қолына алып, маңдайынан сүйіп, содан соң дастарқан басына барып, оны тізесіне алып отырады...

– Не жейсің? – деп сұрады.

Гүлбадан әдеппен бас шайқады. Ол әкесінің алдында тамақ шайнап отыруға именетін еді. Бірақ атасының зермен тоқылған бағалы «абосындағы»

түймелері оны қызықтырып қойды...

– Саған түймелер ұнады ма? – деп сұрады әкесі. Гүлбадан «Ия» деп күлімсіреді...

Бабыр белдігіне асыл тас тағылған қыннан кішкене пышақты алды да, сол түймені жібінен қырқып алып, қызына берді.

– Бірақ жоғалтпа. Бұл құс – Хумо. Әрдайым саған бақыт келтірсін. Гүлбадан қуанып әрі толқып:

– Рақмет, мәртеб... ұлы... – деп, сөздерін жұтып қойды.

– Мені ата дей сал, қызым.

Гүлбадан анасы Мохимбегіме сұрақ назарымен қарады. Мохим «ия, айт» дегендей басын изеді. Сонда Гүлбадан кішкене қолдарымен атасының мойнынан құшақтады да:

– Атажан! – деп оның бетінен сүйді»



Або – еркектердің ертедегі үстіне киетін киімі.



1. Адам өмірінде білім қандай мәнге ие?
2. Адамның сөйлеу көзқарастарынан оның қандай екендігін аңғаруға бола ма?
3. «Әкеге құрмет» мәтінін оқы. Гүлбадан-бегімнің әдебін оның қай іс-әрекеттерінен байқауға болады?
4. Жазғы демалыс кезінде әдеп-құлыққа байланысты кітаптарды оқыңдар. Олардан өздеріңе ұнаған әңгіме, ертегі немесе аңыздардың мазмұнын дәптерлеріңе жазыңдар.
5. Отан, тыныштық және достық туралы өлеңдерді жаттап ал.
6. Өнеркәсіп және оның пайдасы, еңбексүйгіштік туралы мақалдарды жинаңдар.

MAЗMҰНЫ

I TAPAY. ӨЗБЕКСТАН – MӘДЕНИ ЖӘНЕ PУХАНИ MҰPАЛАPҒА БАЙ ӨЛКЕ

Өзбекстан – келешегі ұлы мемлекет	4
Ел тыныштығы – жұрт байлығы	7
Өзбекстан – көп ұлтты мемлекет	10
Бабаларымыз ардақтаған дәстүрлер	14
Өзбекстан – мәдени және рухани мұраларға бай өлке	17
Мемлекеттік тіл.....	20
Тәуелсіздік жылдарында қайта тіктелген тарихи мұралар мен жәдігерліктер	23
Қайталау	27
Ұлттық мұрамыз – мақтанышымыз	28
Елімізде атап өтілетін жалпыхалықтық мерекелер. Жанұялық салт-дәстүрлер	33
Музыканың адам өміріндегі орны	36
Мемлекетіміз өңіріндегі әншілік өнерінің өзіндік ерекшеліктері	39
Конституциямыз – бақытымыз іргетасы	42
Біздің құқықтарымыз бен борыштарымыз. Заң-ереже, тәртіп туралы түсініктер	44
Біз Өзбекстан азаматтарымыз	47
Өз бетінше оқу үшін	49

II TAPAY. ҚҰДІPЕТТІ ЕЛДІҢ САЛАУАТТЫ ПЕР-ЗЕНТТЕРІ

Ел тыныштығына баршамыз жауаптымыз	51
Біздің армия	54
Салауатты тұрмыс	57

Аналық пен балалық мемлекет тарапынан қорғалады	60
Өнердің жаманы жоқ. Өнерлі өрге өрлейді	63
Мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері	66
Еңбек ету мен кәсіп таңдау құқықы	69
Кім болам? (Практикалық жұмыс)	72

III ТАРАУ. ІЗГІЛІК КЕМЕЛДІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Ізгі қасиеттер – адам көркі	75
Адам дүниетанымы оның руханиятын анықтайды ...	78
Сиқырлы сөздер	81
Мектеп – киелі шаңырақ	84
Әдеп-құлық ережелері (Практикалық жұмыс)	87
Қорытынды сабақ.....	90

MOHIRA XOLIQOVA, SHAHNOZA ERGASHEVA

O'quv nashri

«ODOBNOMA»

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 4-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Tuzatilgan va to'ldirilgan to'rtinchi nashr

Ташкент – «Yangiyo'l poligraf servis» – 2017
Баспа лицензиясы AI №185, 10.05.2011 ж.

Аударған – Д. Айтбаев
Редакторы – Г. Ермекбайқызы
Техник редакторы – М. Рыксиев
Коррректор – Г. Е. Айтбаева
Суретші – М. Рыксиев

Басуға рұқсат етілді 20.07.2017. Пішімі 70x90/16.
«Arial» шпонды. Офсеттик қағаз. Офсеттик әдіспен басылды.
Баспа т. 6,0. Шартты б. т. 7,02.
Таралымы 5217.
Тапсырыс № 4742.

«Шарқ» НМАК баспаханасында басылды.
100000, Ташкент қ., Ұлы Тұран көшесі, 41.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте.**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	МұқабА беті, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	МұқабА езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған. кейбір беттері сызылған.
Нашар	МұқабА былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.